

ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ХАЛЫҚҚА БІЛІМ БЕРУ УӘЗІРЛІГІ

ӘЖІНИЯЗ АТЫНДАҒЫ НӨКІС МЕМЛЕКЕТТІК
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ

ҚАЗАҚ ТІЛІ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТІ КАФЕДРАСЫ

Қазақ тілі және әдебиеті мамандығы бойынша
4 курс студенті

Абдуалиев Ержан Оналбаевичтың
БІТІРУ МАМАНДЫҚ ЖҰМЫСЫ

**Тақырып: Етістіктің грамматикалық категорияларын жаңаша
түсіндіру жолдары**

Ғылыми жетекші:

доц.А.Оразымбетов

Кафедра меңгерушісі:

доц.А.Оразымбетов

Нөкіс- 2016 ж.

I. Кіріспе

I ТАРАУ

Шақ категориясының жасалуы және мектеп оқулықтарында берілуі

II ТАРАУ

Шақ категориясын интерактивті жүйемен оқыту

III ТАРАУ

Шақ категориясының түрлерін оқытудағы жаңа сабақ үлгісі

III. Қорытынды

IV. Пайдаланған әдебиеттер

АВТОРДЫҢ АННОТАЦИЯСЫ

Тақырыптың көкейтестілігі: Етістік, олардың категориялары, осы топқа кіретін сөздердің басқа сөз таптарынан ерекшелігі, тіл білімінің морфология тарауындағы орны, қолданылу аясы сөз етілді. Осы етістіктің 10 түрлі категориясының бар екендігін, соның ішінде шақ категориясын оқытуда жаңа педагогикалық технологиядан пайдалану, жаңаша сабақ өту әдістеріне сай орындалған жұмыс болғандықтан маңызды болып есептеледі.

Жұмыстың мақсаты мен міндеттері: Жұмысымыздың мақсаты шақ категориясын оқытуда қазіргі жаңа педагогикалық технология негізінде, жаңаша сабақ өту әдістерін пайдалануда интерактив әдістерден пайдаланып оқушы ұғымын тереңдетіру жайлы айтылды. Бұған ерісу үшін төмендегі мәселелерді шешу белгіленді:

– Етістік, олардың категорияларға бөлінулері, интерактив әдісіне сай сабақ өту жолдары мысалдар негізінде ұғындырылды;

–Етістіктің шақ категориясы, бөлінулері, басқа категориялардан ерекшелігі, өзіндік қолданысы;

–Шақ категориясын оқытуда интерактив әдісінің ерекшелігі, пайдалылығы, оқушыға түсініктілігі;

– Шақ категориясын оқытуда жаңаша сабақ үлгісінің ерекшелігі;

– Шақ категориясының түрлерін салыстыра оқыту жолдары;

Міне, осы айтылғандардың бәріне де жұмысымыздың үш тарауында толық зерттеу жасалды.

Зерттеудің объекті мен предметі. Зерттеу объекті етіп қазақ тілінің морфология тарауындағы етістіктің шақ категориясы алынды. Осы жұмысымыз барысында грамматика тарауының морфология саласын зерттеуде еңбек еткен лингвистеріміз К.Аханов, М.Томанов, Н.Оралбаева, Ә.Исабаев т.б. еңбектерінен пайдаланылды. Алынған мысалдар жазушы шығармаларынан, Абай өлеңдерінен, түсіндірме сөздіктен, мектеп оқулықтарынан алынды.

Зерттеу методологиясы мен әдістері. Зерттеу жұмысымызда лингвистика саласына қатысты әр түрлі әдістер, жаңа педагогикалық технологияға сай интерактив, жаңаша сабақ өту әдістері кең сөз етілді.

Зерттеу нәтижелерінің ғылыми жаңалықтары. Бұл жұмыста етістік категорияларының теориялық мәселелерімен қатар шақ категориясына қатысты жаңаша сабақ өту әдістері, яғни методикалық жағы да теңдей көрсетіліп берілді.

Зерттеу нәтижелерінің практикалық маңызы мен ұсынысы: Бұл мамандық жұмысында етістіктің шақ категориясын оқытуға байланысты мәселелер көрсетілді. Жұмыстан студенттер, мұғалімдер морфология саласына байланысты сабақ өтуде үлгі ретінде кеңінен пайдалануға болады.

Жұмыстың құрылысы мен ізбе-ізділігі: Жұмыс кіріспе, үш тарау, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Көлемі 52 бет.

Кіріспеде жұмыстың мақсаты мен міндеттеріне, зерттеу объектісіне және етістіктің шақ категориясы жайлы азын-аулақ теориялық, әрі әдістемелік түсінік жасалды.

Бірінші тарауда етістіктің шақ категориясының жасалуы, өзіне тән болған белгілері, өзгешеліктері теориялық мәліметтермен берілді. Шақ категориясының есімше және көсемше формаларындағы жасалу жолдары көрсетілді. Мектеп оқулықтарында шақ категориясы тек жетінші сыныптың қазақ тілінде оқытылатындығы, әрбір тақырыпқа берілген сағат сандары көрсетілді.

Етістіктің шақ категориясы жайлы тіл біліміндегі зерттеушілердің таласты пікірлері негізінде үш түрінің жасалу жолдарына мысалдармен көрсетіліп анализ жасалды.

Екінші тарауда қазіргі таңдағы заманға сай білім саласындағы сабақ өтудің жаңа интерактив әдістері жайлы сөз етілді. Етістіктің шақ категориясын интерактивті әдістермен оқыту жолдарына анализ жасалды. Интерактивті әдіс негізіндегі шақ категориясын дамыта оқыту сабақ үлгісін бердік.

Үшінші тарауда шақ категориясының түрлерін жаңаша сабақ негізінде оқыту жолдары берілді. Білім беруде инновациялық технологияларды қолдану білімгердің танымдық қабілетінің жоғары дәрежеде дамуына, өз әрекетіне өзгеріс енгізіп, өзін үнемі жетілдіріп отыруына ықпал етеді. Осылайша шақ категориясының түрлеріне байланысты оларды бір-бірімен салыстыра аралас сабақ өтуде тақырыпты оқушы ұғымына жеткере білу жолдары бір сабақтық үлгісімен көрсетілді.

Қорытындыда зерттеуіміздің нәтижелеріне толық тұжырым жасалды.

Ғылыми басшы:

А.Оразымбетов

Студент:

Е.Абдуалиев

Кіріспе

Етістік – қазақ тіліндегі сөз таптарының ішіндегі ең күрделі және қарымы кең грамматикалық категория. Морфологиялық құрылымы жағынан етістіктер жалаң етістіктер мен күрделі етістіктер деп аталатын екі салаға бөлінеді. Жалаң етістіктер құрылымына қарай түбір етістіктер және жұрнақ арқылы жасалған туынды етістіктер деген екі топқа жіктеледі. Жалаң етістіктер мысалы: ек, жек, оқы, жаз, кел, аяқта, баста, қолда, арала, сабала, сүйреле, шапқыла, үймеле, кіріс, жуын, айтқыз т. б. Түбір етістіктер деп арнаулы морфологиялық бөлшектері жоқ, демек, қазіргі кезде морфологиялық жағынан түбір және жұрнақ деп бөлшектеуге болмайтындай етістік формалары аталады. Мысалы: аз, ал, айт, алда, арба, ат, ас, аш, ақ, бар, бас, бат, бер, без, бол, бөр, байла, баста, бақырай, де, е з, ер, ес, жет, жала, жыла, же, жел, жебе, жорт, жи, жар, жаз, жүз, жүгір, илан, тасы, тара, тос, тол, тоқы, түс, үр, ұқ, шал, шай, шаш т.б.

Бірақ, өзге түбір сөздер сияқты, етістік түбірі де тарихи дамып отырғандықтан, олардың қатары да бірте-бірте толығып, көбейіп отырған, сол себептен түбір етістіктердің ішінде бұрын ұзақ замандар бойы, туынды сөз есебінде жұмсала-жұмсала келіп, бірте-бірте түбірі мен жұрнағын ажыратуға болмайтындай болып кеткен сөздер бар. Мысалы, жоғарыдағы етістіктердің ішінен: айт (ай+т), алда (ал+да), байла (бай+ла, бау+ла), бақырай (бақ+ырай), жыла (йығ+ла), баста (бас+та) дегендерді, сондай-ақ тоқта (тоқ+та), тоқыра (тоқ+ыра), болыс (бол+ыс), сөйле (сөз+ле), тула (ту+ла), шегін (шек+ін), шегер (шек+ер) т. т. тәрізді қазіргі шақта түбір саналып жүрген етістіктерді алсақ, жақша ішінде көрсетілгендей, әуелгі түбір сөздер мен жұрнақтардан кейбіреулері деформаланбай-ақ, кейбіреулері деформаланып бөлшектенбейтін түбірлерге айналып кеткен.

Туынды етістіктер: Туынды етістіктерге, әдетте, түбірлерден арнаулы жұрнақтар арқылы жасалған етістіктер жатады. Туынды етістіктерді тиісті түбірге және жұрнаққа бөлшектеуге болады, бірақ ол туынды тұлға есебінде

қолданыла береді. Мысалы: ой+ла, той+ла, тер+ле, сүр+ле, ем+де, көз+де, тоқпақ+та, іс+те, сын+а, мін+е, мол+ай, ес+ей.

Есім негізді етістіктер: Есім негізді етістіктерге етістіктерден өзге сөз таптарынан жасалатын етістіктер жатады, олар арнаулы жұрнақтар арқылы көбінесе зат есімнен, сын есімнен, үстеулерден, еліктеуіш сөздерден, әредік одағайлардан жасалады.

Етістік негізді етістіктер: Бұл салаға етістік негіздерінен арнаулы жұрнақтар арқылы жасалатын туынды етістіктер енеді. Бұл жұрнақтарды семантикалық ерекшеліктеріне қарай екі салаға бөлуге болады. Бірінші тобына өзі жалғанатын етістік негіздерінің мағыналарына амалдың жиілену, еселену, қайталану, үстемелену, солғындау сипаттарын білдіретіндей рең жамайтын жұрнақтар жатады, олар, шартты түрде, амалдың өту сипатын білдіретін жұрнақтар деп аталады.

Етістік – тіліміздегі сөз таптарының ішіндегі күрделі грамматикалық категория. Етістік күрделілігі оның лексика — семантикалық сипатымен, бай лексика-грамматикалық тұлғаларымен, синтаксистік қызметімен тығыз байланысты.

Етістік сөйлемде көп жағдайда предикат болады. Сонымен бірге етістіктің сөздерді меңгеру қабілеті де өте жоғары. Сондықтан орыс тілді оқушыға етістік оқытудың тиімді жолдарын анықтау грамматикалық сөйлеуге дағдыландыруда маңызы зор.

Қазақ тілінде оқытпайтын мектептерге арналған қазақ тілі бағдарламасында етістік сөз табына қатысты төмендегідей грамматикалық тақырыптар берілген: етістік туралы жалпы түсінік, оның болымды, болымсыз түрлері, негізгі, көмекші етістік, дара, күрделі етістік, етістік шақтары, бұйрық, шартты, қалау рай, тұйық етістік.

Жұмысымызда етістіктің грамматикалық категорияларының оқытылуына тоқталмақпыз.

Қазақ тілінің жеке пән ретінде оқытылуы оның методикасының да жасалуына негіз болды яғни қазақ тілі методикасын жете меңгермей тұрып, мұғалімдер оқушылардың ой-өрісі, сана сезімін, білім дәрежесін арттыруы, әрине қиын болар еді. Сондықтан бұл жұмысымызда қазақ тіліндегі етістіктің шақ категориясын оқытуда кейбір басты міндеттерді қойып отырмыз.

1. Қазақ тіліндегі шақ категориясының жасалуы және олардың негізін анықтау.

2. Қазақ тіліндегі шақ категориясын талдап, оларды оқытуда қолданылатын бірнеше әдіс, амалдар бар. Оқушыларға білім көлемін өте жеңіл толық меңгеруге мынадай әдістер күнделікті сабақ барысында қолданатын әдістер есептеледі.

1. Сұрақ-жауап әдісі
2. Салыстыру әдісі
3. Түсіндіру әдісі
4. Байқау әдісі
5. Жаттығу әдісі
6. Кітаптан не оқулықтан пайдалану әдісі
7. Көрнекі құрал пайдалану әдісі
8. Сөз парақ тарату әдісі
9. Талдау әдісі.

1. Сұрақ-жауап әдісіне мұғалім оқушыларға жаңа сабақты шақ категориясын түсіндіргенде сұрақ-жауап арқылы түсіндірген дұрыс. Сонда оқушылар мұғалімнің сұрағына орай жауап беруге тырысады.

2. Салыстыру әдісі арқылы мұғалім шақ категориясы түрлерінің өзіндік ерекшеліктерін, олардың өзара ұқсастығын бір-бірімен салыстыра отырып түсіндіреді.

3. Түсіндіру әдісінде мұғалімнің ең басты міндеті түсіндірген материалды толық дәлелдеу. Мұнда қазақ тіліндегі шақ категориясын, олардың түрлерін, ұғымдары мен ережелерін логикалық заңдарды

басшылыққа ала отырып, ғылыми тұрғыда белгілі бір жүйесін оқушыларға айтып береді.

4. Байқау әдісінде мұғалім мына мәселелерге көңіл аударады.

а) Өтілген материалдардан оқушыларда белгілі теориялық білімнің болуы.

б) Шақ категориясының морфологиялық белгілерін байқата оқыту жолдары, ондағы өзгерістерді басқа категориялармен салыстыра үйрету тәсілдері.

5. Жаттығу жұмысының тапсырмасы және олардың мақсаты мен міндеті тақырыптың мазмұнына қарай түрленіп отыруға тиіс. Жаттығу құрастыруда сөйлемнің байланысын аңғарту, сөздердің морфологиялық құрамын талдата білу, емлені таныту, т.б. мақсатпен міндеттер қойылады. Жаттығу жұмыстарын орындау оқушылардың теориялық материалды, қағидалар мен ережелерді қаншалықты игере білгендігін көрсетеді.

6. Кітаптан, оқулықтан пайдалану әдісі арқылы оқушылардың шақ категориясынан алған білімдерін өз беттерінше іздендіруге, өз бетінше анықтамалар мен ережелердің есте сақталуына мүмкіндік береді.

7. Көрнекілік әдісі. Қазақ тілі сабағында көрнекілік әдісін қолдану берілген материалды оқушылардың тиянақты қабылдап, оның ғылыми-практикалық негізін дұрыс түсінуге көмектеседі. Сабаққа арналған 45 минуты оқушылардың ұтымды меңгеруіне, баланың тәртіпті отыруына мүмкіндік туғызады, олардың бар зейінін өткелі отырған тақырыпқа бұрады.

Көрнекіліктің түрі көп. Оларға сынып тақтасы және оқулық, картиналар мен суреттер, таблицалар, схемалар, техникалық құралдар және дидактикалық материалдар жатады. Көрнекілік сабақ процесінің барлық бөлімінде пайдаланылады.

8. Сөз парақ әдісі. Қазақ тілі сабағында сөз парақпен жұмыс жүргізу сабақты түрлендіру, оқушылардың өз бетінше еңбектенуін ұйымдастыруда тиімді.

9. Талдау әдісі. Бұл қазақ тілінде екі түрде, яғни шақ категориясын талдауда, мұғалім оқушыларға олардың түрлерін жеке-жеке талдатады.

Жалпы қазақ тілін оқытудағы бұл әдістер оқушылардың шақ категориясын теориялық жақтан толық меңгеруге, оны практикада қолдана білуге, оқушылардың сөз байлығын күшейтеді.

Сонымен жұмыста етістіктің шақ категориясының анықтамасы, жасалу жолдары, зерттеушілер және жаңа интерактивті технология негізінде сабақ өту жолдары жайлы сөз етіледі.

Кіріспеде зерттеліп отырған жұмысымыздың мақсаты мен міндеттері, зерттеу объектісі, жаңа педагогикалық технологияның сабақтағы тиімділігі, маңызы, ерекшелігі, тіл біліміндегі орны, олардың қолданылу аясын көрсетуді мақсат еттік.

Бірінші тарауда етістіктің шақ категориясының есімше және көсемше формалары арқылы үш шақта жасалу жолдары, олардың түрлері, оның өзіне тән болған белгілері, өзгешеліктері теориялық мәліметтерді көрсетпекші болдық.

Етістіктің шақ категориясы жайлы зерттеушілер А. Хасенова, А. Қалыбаева, И. Маманов, А. Ысқақовтың пікірлері көрсетіліп беріледі.

Екінші тарауда сабақ өтудің жаңа интерактив әдістері, жаңаша сабақ өту жолдары жайлы сөз етіледі. Қазіргі таңдағы заманагөй технологиялардың әдістерінен пайдаланып сабақ өту жолдары көрсетіледі.

Шақ категориясын өтуде ұстаздың түрлі әдісті қолдана отырып сабақ өту жолдары ізбе-ізділігі сараланып беріледі. Бұл әдістерде оқушыларға теориялық білімді толық түсіндіріп болғаннан кейін, оларды жаттығулар, тест тапсырмалары арқылы бақылау үлгілері көрсетіліп беріледі.

Шақтың үш түрі бар екендігіне байланысты топардағы оқушыларға сол шақ түрлеріне арналған дамыта оқыту сабақ жүйесі көрсетіледі. Бұнда тапсырмалар шақ түрлеріне байланысты сұрақтарға әрбір топтың оқушысы жауап беріп, білімдері сыналады. Теориялық сұрақтармен қатар шақ

түрлеріне байланысты Абай өлеңдерінен мысалдар тауып, жаттығулар орындалды.

Етістіктің шақ категориясын оқытудағы жаңа педагогикалық технологияға сай деңгейіне қарай дамыта оқыту әдісінен пайдалана отырып жарыс сабақ жолдары көрсетіледі. Ең алдымен интерактивті әдістердің не екендігіне, соның ішінде оқулық элементіне түсінік беріліп, одан соң оның орындалу кезеңдері көрсетіледі. Бұнда семантикалық карта, инсерт жүйесі, деңгейлік тапсырмалар, т.б. жаңаша сабақ өту жолдары көрсетіледі.

Сабақ нәтижесінде оқушының теориялық білімдері толығып, оны практикалық түрде тапсырмалар орындау нәтижесінде меңгеруге ие болады.

Үшінші тарауда етістіктің шақ категориясының түрлерін бір-бірімен салыстыра отырып оқытудағы аралас сабақ үлгісі көрсетілді.

Қимылдың өту кезеңі сөйлеушінің хабарлау кезімен немесе сөйлеп тұрған сәтпен айқындалады. Сөйлеп тұрған сәтке байланысты қимылдың өту кезеңін білдіру етістіктің шағы болып табылатындығы, оның үш түрінің әрқайсысына жеке-жеке түсінік береміз.

Шақ категориясы төмендегідей үш түрге бөлінеді: осы шақ, келер шақ, өткен шақ.

Сабақты өту арқылы оқушы ұғымына жеткере білу жолдары көрсетіледі. Үй тапсырмасына тірек сызбалар әдісін қолдана отырып пысықтау жасатамыз. Сыныпта тақырыпты түсіндіру барысында берілген мәтіннен, мақал-мәтелдерден шақ түрлерін таптырамыз. Қалаған тақырыптарына шақ түрлерін қатыстыра ой-толғау жазуды тапсырма етіп береміз.

Сергіту кезеңінен соң оқушылардың теориялық білімдерін толық тексеру мақсатында шақ түрлеріне байланысты мысалдар орындатамыз. Осылайша тақырыпқа байланыстыра отырып жаңа әдіс-тәсілдерді кеңінен пайдаланып, айтар ойымызды оқушылармен бірлесе отырып шешіп отырсақ, сабақтың құны артады.

I ТАРАУ

ШАҚ КАТЕГОРИЯСЫНЫҢ ЖАСАЛУЫ ЖӘНЕ МЕКТЕП ОҚУЛЫҚТАРЫНДА БЕРІЛУІ

Етістіктің грамматикалық категориялары. Етістік формаларының жүйесін айқындау үшін, сол жүйеге енетін формалардың негізгі грамматикалық сыр-сипаттарын ашып алу қажет. Өйткені, ол жүйе етістіктің арнаулы формаларынан құралады. Формалардың ерекшеліктері олардың семантикалық және морфологиялық сипаттарын анықтау нәтижесінде ашылмақ.

Грамматикалық формаларының көптігі мен мазмұнының байлығы жағынан және қызметтерінің қарымдылығы мен сан-салалығы жағынан етістіктер тіліміздегі сөз топтарының жүйесінде төтенше орын алады. Етістіктің бұл төтенше орны төмендегіше белгіленеді:

1) оның формаларының бәріне де тән, бәріне де ортақ, бәріне де болатын жалпы сипаттарымен

2) сол формалардың өзді-өздеріне ғана тән, өзгелерінде жоқ жалқы ерекшеліктерімен байланысты.

Өйткені, етістік формаларының бәріне тән, бәріне ортақ, жалпы сипаттары оларды етістік деп аталатын үлкен категорияның айналысына топтайтын жалпы белгісі болса, әр формаға тән жалқы ерекшеліктер оларды алды-алдына саралап, бір-бірінен ажырататын семантикалық және грамматикалық сипаттарының көрсеткіші есебінде қызмет етеді.

Етістік формаларының жүйесі төмендегі грамматикалық категорияға бөлінеді:

1. Етістік негізі.
2. Қимыл атау категориясы.
3. Салттылық және сабақтылық категориясы.
4. Етіс категориясы.
5. Болымдылық және болымсыздық категориясы.

6. Амалдың өту сипаты категориясы.

7. Есімшелер категориясы.

8. Көсемшелер категориясы.

9. Рай категориясы.

Етістік категориясы деп амалдың субъекті мен объектіге қатысын, сондай-ақ керісінше субъектімен объектінің амалға қатысын білдіретін формалардың жүйесін айтамыз. Бұл формаларда сөз тудыру қабілеті де, сөйлемдегі сөздердің синтаксистік құрылысын өзгерту қабілеті де болады. Есімше, көсемше категориялары. Бір алуан жұрнақтар етістік негізіне жалғанып олардан етістік қасиеті де, есім қасиеті де бар есімше деп аталатын жаңа категория тудырады.

Есімге де, етістікке де телулі бұл категорияға тән формалар қолданылуына қарай көптік, тәуелдік, септік, жіктік жалғауларында жұмсалып, сөйлемнің барлық мүшелері бола алады. Мысалы: Біздің білетіндеріміз осылар. Құлақ естігенді көз көреді. Айтылар сөз айтылды. Біз ертең киноға бармақпыз. Аларманға алтау аз, берерменге бесеу көп деген сөйлемдерді алсақ олардағы білетіндеріміз – бастауыш, есіткенді – толықтауыш, айтылар – анықтауыш, бармақпыз – баяндауыш болып тұр.

Бұдан есімшелерге көптік, тәуелдік, септік, жіктік жалғаулары мен жұрнақтар қосылу нәтижесінде олардың қолданылу аясы кеңейіп, синтаксистік қызметтерінің өрісі ұлғаятыны және осы ерекшелік қазақ тіліндегі есімшелерге үйреншікті екені анық көрінеді. Оның бір жағында есімшелердің бұл ерекшелігі олардың әуелгі төркіні қимыл атаулары болып, бұрын осындай қызметтерді атқаратын машықтары кейінгі кездерде де бойларында сақталып қалғанын атай кеткен жөн. Бірақ, есімшелер қимыл атауынан алған әдет машықтарын бойларында сақтаумен қатар, етістікке тән қасиеттерін де ұмытпаған.

Сонымен, көптік, септік, тәуелдік, жіктік жалғауларында түрленіп, сөйлемде барлық мүше бола алатын морфологиялық және синтаксистік

сипаттары бар, амал-әрекеттің атауы болу семантикасы мен шақтық ұғымды білдіру қабілеттері де бар формалар есімшелер категориясы деп аталады.

Есімшелерге үйреншікті сипат болып қалыптасқан субстантивтік, атрибутивтік, предикаттық қызметтер бұл формалардың жалпы грамматикалық та, жалқы грамматикалық та мағыналарынан туған. Бірақ есімшелер осы функцияларда амал - әрекет түрінде емес, қимылдың белгісі я сипаты түрінде көрсетеді, өйткені, әдетте субъектінің қимылын білдіретін етістіктер есімшеге айналғанда сол субъектінің қимылына емес, оның белгісіне көшеді.

Дегенмен сөйлемде қандай қызмет атқарса, есімшелер өздерінің негізгі сипатынан – шақтық мәнді білдіру қабілетінен айрылмайды. Осы сипатына қарап есімшелер категориясы есімдер тобына емес, етістіктер тобында қаралады. Ендеше, есімшелер етістікке жіктелу қабілетіне қарап жатқызылмайды, шақ сипаты болатындығына қарай жатқызылады және есімшелерді топтастырғанда, олардың осы сипаты негізге алынады.

Осы айтылған сипатына қарай есімше формалары өткен шақ есімше, осы шақ есімше, келер шақ есімше болып үш салаға бөлінеді.

1. Есімшенің өткен шақ түрі етістік негізіне – ғана (-ген, -қан, -кен) жұрнағы мен – атын, етін жұрнағы жалғану арқылы жасалады. –ған жұрнағы арқылы жасалған форма сөйлемнің қай орынында қалай түрлендіріліп жұмсалса да және құрамы жай я күрделі түрде қолданылса да, әрдайым өткен шақ мәнін білдіреді.

Мысалы: Мен ол кісіні талай көргенмін, талай әңгімелескенмін -атын, - етін, жұрнағы арқылы жасалатын есімшенің қай мезгілді білдіруі контекске байланысты, өйткені оның қай шақты білдіруі айналасындағы сөздерге қарай ауысып отырады. Мысалы: Біздер уақыт-уақыт жиналатынбыз да, әлеуметтік жай, әдебиет мәселелері жөнінде пікір алысатынбыз, тіпті кейде қатты таласатынбыз сияқты тіркесте өткен бір кездерде болған іс-әрекет жөнінде сөз болып отырғаны айқын.

2. Есімшенің осы шақ түрі контекске қарай -атын, -етін, -йтын, -йтін жұрнағы арқылы жасалады. Бірақ бұл осы шақтың мағынасы сөйлесіп отырған кезді дәл атамайды, дағдыға, әдетке айналған, үйреншікті болған, жалпы жүзеге асып отыратын істеліп жататын әрекетті білдіреді.

Мысалы: сенің алғаның да, алатының да, аларың да ылғи алғыс дегендегі алғаның – өткен шақ, алатының – осы шақ, аларың – келер шақ екені күмәнсіз.

3. Есімшенің келер шақ түрі етістік негізіне -ар, -ер, -р жұрнағы мен -мақ, -мек, -бақ, -пақ жұрнағы жалғану арқылы жасалады. - ар жұрнағы арқылы жасалған есімше сөйлемде қай орында, қандай сөйлем мүшесі болса да семантика жағынан үнемі келер шақ мағынасын білдіреді. Мысалы: Қайта кірер есікті қатты жаппа -мақ, -мек жұрнағы арқылы жасалған. Есімше амал - әрекеттің алдағы уақытта жүзеге асуы анық, айқын екенін білдіреді. Мысалы: Олар осында келмек, біз оларды күтпекпіз.

Етістік негіздерінен арнаулы қосымшалар арқылы жасалып, тиісті дәрежеде шақтық, модальдік және басқа мәндерді білдіретін ерекше формалар көсемшелер категориясы деп аталады. Көсемшелер етістіктің жалаң және күрделі негіздеріне, қимыл атауларына, есімшелерге, рай формаларына, көсемшелердің өздерінен басқа ешбір дәнекерсіз-ақ еркін тіркесіп, олардың белгілерін, сипаттарын білдіреді де сөйлемде көбінесе динамикалы адвербиал (етістіктен болған пысықтауыш) болып қызмет атқарады. Көсемшелердің осы қасиеті оларды етістіктің өзге формаларынан ерекшелендіріп отыратын негізгі жалпы грамматикалық сипаты болады. Мысалы: Ол күле сөйледі, күле сөйлесіп отырды.

Мұнымен қатар көсемшелердің барлық түрлері де бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы бола береді, бірақ олардың ішінен тек жіктелген түрлері (-ып, -іп, -п, -а, -е, -й) ғана басыңқы сөйлемнің баяндауышы болады. Мысалы: Жаңбыр жауып, жер көгерді. Біз бұл кітапты оқыппыз. Қазір үйге қайтамыз.

Көсемшелер – жеке дара сөз есебінде қолданылмайды. Морфологиялық жағынан түрленбейді, демек, көптік, тәуелдік, септік қосымшалары

қосылмайды, тек бірен-саран ғана жіктеледі, пысықтауыш және баяндауыш ғана болады. Бұл категорияның арнаулы формалары бар. Олар мыналар:

1. -ып, -іп, -п.
2. -а, -е, -и.
3. -ғалы, -гелі, -қалы, -келі.
4. -ғанша, -генше, -қанша, -кенше.

Көсемшелердің әбден қалыптасқан дағдысы қызметі етістіктің белгісін білдіру болады. Көсемшелер ол үшін өздерінің қосымшаларын дәнекер етеді және көсемшелердің осы семантикасында сәл де болса, шақтық мән я оның нышаны болады. Шаққа қатысына қарай көсемшелерге төмендегідей қысқаша сипаттама береді.

1. Өткен шақ көсемше етістік негізіне -ып, -іп, -п, -ғалы, -гелі, -ғанша, -генше, қосымшаларының жалғауы арқылы жасалады. Өткен шақ көсемшенің бірінші түрінің мағынасы да, қызметі де орасан көп. Олардың кейбір негізгі сыр-сипаттары мынадай: Бұл форма дара түрде де, қайталанып та, қосарланып та, тізбектеліп те жұмсала береді.

Көсемшелер мезгіл мәнін шақ категориясындай толық білдірмегенімен, оның бір нышанын контексте білдіре алады. Осы соңғы қасиет көсемшелердің өзге формаларынан гөрі -ып, -іп, -п формалары түрінде айқын білінеді. Мысалы: мен барыппын, сіз барыпсыз, ол барыпты дегендердің бәрінде де өткен шақ мәні бар. Қар жауып, үй суыды деген құрмалас сөйлемнің бағыныңқысындағы жіктелмей тұрған баяндауыштан да өткен шақ мәні анық байқалады.

Көсемшенің -ғалы, -гелі, -ғанша, -генше жұрнақтарының шақтық мәні контексте қолданылу ыңғайына қарай, бірде өткен шақ, бірде келер шақ реңкіне көшіп отырады. Сізбен танысқалы көп болған сияқты.

2. Осы шақ көсемше. Бұл формаға -а, -е, -й жұрнақтары арқылы жасалатын көсемше жатады. Бұл көсемшенің де мағынасы мен қызметі орасан көп. Оның негізгі сипаты төмендегідей:

1. -е формалары көсемше сияқты амалдың белгісін, мезгілін, тәсілін, мақсатын, себебін, басқа амалмен жарыстырыла я жол-жөнекей істелу сипаттарын білдіреді. Мен жүре *келе* көп нәрсеге түсіндім.

2. Құрмаластың бағыныңқысында, жалаң және жай сөйлемдерде баяндауыш болады. Мысалы: Құс ұшады, бұзау мөңіреді.

3. Көбінесе аналитикалық етістіктің жетекші компоненті болады. Мысалы: Айта сал, бере тұр, ала қой құлай кетті. Көсемшенің бұл түрі әдетте, ауыспалы осы шақ формасы деп аталады. Қолданылу ыңғайына қарай бұл форма контексте осы шақ мәнінде, келер шақ мәнін де білдіреді.

3. Келер шақ көсемше. Бұл форма -а, -е, -и, -ғалы, -гелі, -ғанша, -генше жұрнақтары арқылы жасалады. Ол үш қосымша да көсемшенің өткен шақ және осы шақ түрлерін жасауға қатысатындықтан оларды ауыспалы келер шақ деп атауға әбден болады. Ал бұл жұрнақтардың ауыспалы келер шақ мәнін жасаудағы қызметі тек баяндауышпен байланысты қаралады:

а) -ғалы, -гелі жұрнағы етістік негізіне жалғанып, контекске қарай келер шақ мәнін де білдіреді. Мысалы: Мен сізді әдемі көргенмін, сізбен танысқалы және ақылдасқалы келдім.

б) -ғанша, -генше жұрнағы да етістік негізіне жалғанып, контекске қарай, оған келер шақ мәнін жасайды.

Мектеп оқулығының тек қана 7-сынып оқулығында етістіктің шақ категориясына байланысты сағаттар берілген. Бұл сағаттардың бәрі 7-сыныпта II-тоқсанда жеті сағатқа бөлініп өтіледі. Олар төмендегіше:

1. Етістіктің шақтары туралы түсінік берілген. Шақ категориясының жасалу жолдары мен түрлеріне түсінік берілген. Бұл тақырыпқа арнап бір сағат берілген. Осы тақырыпқа арнап 95-96-97-98 жаттығулар берілген. Оларды берілген шарттарына қарай талдау көрсетілген.

2. Осы шақ. Осы шақтың түрлеріне байланысты екі тақырыпқа бір сағат берілген. Осы шақтың екі түріне теориялық түсінік берілген. Мысалдар келтіріп дәлелденген.

Кейін осы шақ тақырыбына арнап 99- жаттығу, нақ осы шақ тақырыбына 100-101-102 жаттығулар, ауыспалы осы шақ тақырыбына 103-104-105 жаттығулар берілген. Бұл жаттығулардың бәрінде берілген тақырыптарға байланысты тапсырмалар орындалады.

3. Келер шақтың түрлері. Келер шақтың үш түрге бөлінуіне мысалдар арқылы анықтама берілген. Бұл үш тақырыпқа арнап екі сағат берілген. Болжалды келер шақ тақырыбына арнап 108-109- жаттығулар, мақсатты келер шақ тақырыбына 110-111 жаттығулар, ауыспалы келер шақ тақырыбына 112-113 жаттығулар берілген. Жаттығуларда мәтіндер беріліп, келер шақ түрлеріне байланысты тапсырмалар орындалады.

4. Өткен шақ. Өткен шақтың үш түрге бөлінуіне мысалдар арқылы анықтама берілген. Бұл төрт тақырыпқа арнап екі сағат берілген. Өткен шақ тақырыбына арнап 114-жаттығу, жедел өткен шақ тақырыбына арнап 115-116-117 жаттығулар, бұрынғы өткен шақ тақырыбына арнап 118-119 жаттығулар, ауыспалы өткен шақ тақырыбына 120-121-122 жаттығулар берілген. Жаттығуларда мәтіндер беріліп, өткен шақ түрлеріне байланысты тапсырмалар орындалады.

5. Етістіктің шақтарын қайталау. Бұл тақырыпқа арнап бір сағат берілген. Тақырыпқа байланысты 124-125-126-127 жаттығулар берілген.

Міне, мектеп оқулықтарының 7-сыныбында ғана шақ категориясы, олардың түрлері, емлесі ерекшеліктеріне арнайы сабақ берілген. Басқа сыныптардың оқулықтарында етістіктің шақ категориясына байланысты тақырыптар көрсетілмеген.

II ТАРАУ

ШАҚ КАТЕГОРИЯСЫН ИНТЕРАКТИВТІ ЖҮЙЕМЕН ОҚЫТУ

Қазіргі таңда негізгі методологиялық инновациялардың яғни жаңалықтардың көпшілігі оқытудың интерактивтік тәсілдерін қолданумен байланысты. Интерактив – бір бірімен іс-әрекет жасау немесе бір-бірімен әңгімелесу, диалог құру дегенді білдіреді.

Сондықтан, «интерактивтік оқыту» – дегеніміз, ең біріншіден, диалогтық оқыту болып табылады.

Бұл әдісті қолдану барысында оқытушы және оқушы, оқушы және компьютер арасында іс-әрекетке байланысты іске асады.

«Интерактив» – әдісінің негізгі ерекшеліктері қандай? Интерактивтік оқыту, танымдық шығармашылықтың арнайы ұйымдастыру формасы. Оның нақты және болжамды мақсаттары бар. Сол мақсаттарының бәрі де оқыту жүйесін жетілдіретін, оқыту жағдайларын жасау болып табылады.

Интерактивтік оқытудың мәні, оқыту барысында барлық оқушылардың таным процесінде қамтылып, білгендері және ойлағандары жөнінде ашық ойлауға және қарсы пікір беру мүмкіншілігіне ие болады.

Оқу материалын меңгеру және тану барысында оқушылардың бірлескен іс-ірекеттері және әрқайсысының жеке білімі, пікір алысуы, іс-әрекет тәсілдерімен алмасуы қарастырылады.

Интерактивтік іс-әрекет 5 негізгі элементке шоғырланған позитивтік тәуелдік, жеке жауапкершілік, бір-бірімен іс-әрекетте болу, бірлесе істеген жұмыстың дағдылары және топпен жұмыс. Бұл әдісті әсіресе тәжірибелік сабақтарда және оқушылар мен оқытушылардың өздік жұмысы кезеңінде өткен дұрыс. Себебі, оқушылар диалогтық оқыту барысында сыни көзқарастан ойлауға, берілген мәліметтер бойынша қиын проблемалық ситуацияларды шешуге, альтернативтік пікірлерді салыстыруға, тұжырымдалған пікір қабылдауға, дискуссияларға қатысып, басқа адамдармен тіл табысуға үйренеді.

Бұл тәсілді әсіресе, білімді оқушылар арасында күнделікті сабақ үстінде өткізуге болады. Ол үшін сабақта жеке жұптық және топтық жұмыстар ұйымдастырылады. Бұл формалар оқушылардың мектеп бағдарламасы мен өмір тәжірибесінен алынған түсінігі талқыланған жағдайда ғана нәтижелі болады.

Кейде зерттеу жобалары бойынша оқушылармен ғылыми баяндамалар жасатып, оларды ізденушілікке талпындыруға, өз пікірі мен ойларын толық және анық жеткізуге жол ашамыз. Сондай-ақ шығармашылық жұмыстарымен айналыстырып, оқушыларға өздерінің тұрмысынан, не қоғамдағы болып жатырған жағдайларға байланысты өз түсініктерін жаздыруға болады.

Әртүрлі ойындар қолданылып ондағы рольге кіруге болады. Бұны әсіресе, мектепте тәжірибе өткенде пайдаланған жөн. Білім берудің толық әдістері туралы көптеген әдебиеттерді оқуға, танып білуге мүмкіндік болады. Бірақ, ойынға немесе дискуссияға жеке қатысу жолымен үйрену ғана мүмкін. Осындай мақсаттан, тәжірибеде интерактивті қатынасты қалай іске асыруға болады? деген сұрақ туындайды. Бұл үшін ең маңызды мәселе, интерактив бойынша тренингтік сабақтарға қатысудың жеке тәжірибесі пайдалы. Оның тиімділігін, әрбір оқытушы өз сабағында байқайды.

Бірақ ХХ ғасырдың аяғы мен ХХІ ғасырдың басында олардың кең ауқамды қолданылуы педагогикада жаңа бағыттың сыни ойлау дағдысының дамуына жол ашты. Сыни ойлау негіздері: шақыру, түсіну, ойлау фазаларында білім берудің жаңа стратегиялары, әдістері және тәсілдері жобаланып қолданылуында. Ал оқытушыға білім берудің интерактивті әдістері мынадай мүмкіндіктер береді:

- Білім алушылардың сабақ тақырыбына қызығушылығын арттыру;
- Оқу материалын жақсы меңгеруге мүмкіндік береді.
- Сараптық ойлауды дамытуға баулиды.
- Коммуникатив дағдыларды қалыптастыруға жол ашады.
- Оқушыларға белсенділік іс-әрекетіне тарату үшін жағдай туғызады.

– Оқу тобында жағдайлы психологиялық микроклиматты қалыптастырады.

Осы мүмкіндіктерді пайдалана отырып, өткізген әрбір сабақ жаңа қоғамның, жаңа инновациялық технологиясын меңгеруге, үйренуге жол ашады. Қазіргі күннің талабына сәйкес интерактивтік ағымда, инновациялық тұрғыдан сабақ өту әрбір оқытушының міндеті, әрі борышы. Біз қоғамның білім беру саласын жаңартып, оны жан-жақты дамытпасақ, келешек ұрпақты тәрбиелеу қиын.

Бүгінгі күні ақпараттық оқыту технологиялары оқушының өз бетінше жеке оқып үйренуіне және білім алуына мүмкіндік беретін негізгі құралға айналып отыр. Осы технологияның әдістемелік тұрғыдағы тиімділігін арттыруға және жақсартуға қосымша мүмкіндік беретін құралдың бірі – ол оқулық элемент. Оқулық элемент модульдік оқыту тәсілінің негізгі компоненті болып табылады. Ал модульдік оқыту тәсілінің мына принциптерге негізделетіндігі белгілі, жүйелік, құрылымдалушылық, модульдік, динамикалық және белсенді кері байланыс болу мүмкіндігі, белсенділік және көрнекілік. Сондықтан модульдік оқыту жүйесі осы процестің басты негізі ретінде, оқушы біліміне қойылатын талаптарға сәйкес жақсы нәтижелерге жетуге толық мүмкіндік жасай алады.

Жаңаша оқыту тәсілін кәсіптік дайындық жүргізудің негізгі құралы деп анықтауымызға да болады. Өйткені, бұл тәсіл оқушыларға оқыту барысында мына тиімді жағдайларды жасайды.

Оқушы модульдер түрінде оған ұсынылған (берілген) бағдарламалықпен өз бетінше жеке жұмыс істей алады.

Модульдердің мазмұндарын және оларды оқып – үйрену процесін оқушылардың жеке мүмкіндіктеріне, қажеттіліктеріне және талаптарына сәйкестендіруге болады.

Оқытудың мақсатына жету бағытында оқушының бастапқы аралық және соңғы жетістіктеріне сәйкес кері бағыттағы байланыс режимінде оқыту

процесі басқарылады. Оқушылар мен оқытушы (мұғалім) арасында өзара байланыс жүргізіледі.

Педагогтік практика бұл принциптерді іске асырудың әр түрлі әдістері болуы мүмкін. Оқулық элемент (ОЭ) – элементар көлемдегі білім немесе қажетті нәрсені оқушының өз бетінше оқып-үйреніп, біліп алуына мүмкіндік беретін аяқталынған жеке автономды оқулық материал. Оқулық элементті пән мұғалім ұсынады.

Олай болса оны мұғалім оқушы өз бетінше жеке оқып – үйренуіне болатындай етіп лайықтап дайындауына болады. Сондықтан, оқулық элемент мазмұны көлемін және оның күрделілік деңгейін пән оқытушысы әртүрлі етіп деңгейлеп ұсына алады. Яғни бұл оқушылардың бүгінгі білім деңгейіне сәйкес оқулық элементтердің мазмұндарын және көлемдерін пән мұғалімнің өзінің таңдауына мүмкіндігі бар деген сөз.

Нақтырақ айтатын болсақ, біздің ұсынып отырған мәселе – ол оқушының оқулық элементті пайдалануда, оны оқып үйренуде өз жетістігін тексеруін және бақылауын тиімді етуге болатын жолдары, оны жақсартудың іске асырудың әдістемелік тұрғыдағы тәсілдері туралы болмақ. Яғни, пән оқытушысы оқулық элементтің тиімділігін жақсарту үшін оны дайындау барысында неге баса көңіл аударғаны жөн, міне, осы туралы кеңес бермекшіміз.

Оқулық элемент құрылымы (структурасы) мазмұнына, оның әр кезеңінің мақсаты және міндеттеріне жете көңіл аударатын болсақ, мына жағдайларды байқаймыз:

Біріншіден, әдістемелік ұйымдастыру тұрғысынан оқулық элементін сапалы, талаптарға сай дайындауда мына негізгі үш бағытқа (бөліктерге) баса назар аудару қажет болатындығы:

Мақсаты – болжамдық, мақсатына оперативті деңгейі көрсетіледі және дайындық бағдарламасы бойынша алдыңғы оқулық элементтер мақсатының жалғасы ретінде алға жылжудың элементар көлемдегі нәтижесін анықтайды;

Мазмұны – оқулық элементте көрсетілген (тұжырымдалған) мақсатқа жетуді қамтамасыз ететін оқулық материал ұсынылады және ол мәтіндік, иллюстративтік (көрнекілік) материалдарды қамтиды, қажет жерде осы оқулық элемент мазмұнын толықтыруға, тереңдетуге бағытталынған сілтемелер (олардың саны көп болуы тиіс) мысалдар және жаттығулар келтіріледі.

Бақылау (өзін өзі бақылау) – сұрақтарға (тестік сұрақтарға) жауап беру арқылы, немесе нақты тапсырмаларды (жаттығуларды) орындау нәтижесінде оқулық элемент мақсатына жету деңгейі тексеріледі (бағаланады).

Оқулық элемент құрылымының (структурасының) қалған кезеңдегі осы үш бөліктің бір мазмұнда, бір мақсатта және бір бүтін болуын қамтамасыз етуге, оқулық элементті тиімді түрде оқып – үйренуді ұйымдастыруға қызмет етеді. Осындай талап бүтін бір модульге байланысты оның құрамына енетін оқулық элементтер және бүкіл курсқа байланысты оның жеке модульдері үшін де қойылады. Осы атап отырған талап орындалған жағдайда ғана модульдік оқыту тәсілінің тиімділігі және оның негізгі принциптерінің (кредиттік және қашықтықтан оқыту технологиясы принциптерінің де) іске асырылып отырғандығы туралы айтуымызға, сәйкес қорытынды жасауымызға болады.

Сондықтан пән оқытушысы (тьютор) оқулық элементті дайындау барысында осы талапты іске асыру және жоғарыдағы бөліктерді үйлестіру мақсатында мына төмендегі тәсілді пайдаланғаны жөн болады деп есептейміз.

Мысалы, біздің ұсынып жүрген оқулық элемент структурасы сегіз кезеңнен тұрады.

1-кезең. Оқулық элемент аты және номері (коды). Бұл кезеңде оқулық элементтің аты (тақырыбы) және қажет жағдайда оның номері (немесе коды) келтіріледі. Нөмір (немесе код) қажетті ОЭ-лерді пайдалану кезінде оларға сілтеме жасауды тиімді ұйымдастыру мақсатында пайдаланылады.

2-кезең. Оқулық элемент мақсаты. Бұл кезеңде қысқаша түрде осы оқулық элемент бойынша оқушы біліміне және біліктілігіне қойылатын талаптар тұжырымдалады. ОЭ мақсатының тұжырымдалу үлгісі; осы ОЭны дұрыстап оқып - үйренсеңіз «мыналарды» ... білетін және «мыналарды ...» (жаза, сыза, көрсете, пайдалана, орындай, түсіндіре) алатын боласыз.

3-кезең. Осы ОЭ-ны жан-жақты оқып үйренуде қажет болатын құрал – жабдықтар, мектептегі базалық оқулықтар және қажетті қосымша оқу құралдары тізімі келтіріледі.

4-кезең. Осы ОЭ-ны дұрыс деңгейде түсініп оқып – үйрену үшін оқушының бұған дейінгі меңгерген алдыңғы ОЭ лар және солар бойынша білуі керек болатын ұғымдар түсініктер тізімі көрсетіледі.

5-кезең ОЭ мазмұны («денесі»). Бұл жерде ОЭ мақсатына жетуді қамтамасыз ететін оқулық материал келтіріледі, тақырып мазмұнын толық ашуға, түсінуге және тереңдетуге мүмкіндік беретін, көмектесетін көрнекіліктер және негізгі оқулыққа бағытталынған нақты сілтемелер көрсетіледі.

Сілтемелер саны көп болмауы тиіс. Сілтемелерде көрсетілетін базалық оқулық немесе қосымша оқу құралы, немесе алдыңғы оқып кеткен ОЭ лар оқушының өз қолында болғаны жөн. Олардың мектептегі бар тізімдері оқулық элементтің 3,4-кезеңдерінде мүмкіндігінше толығынан көрсетілуі тиіс.

Жоғарыда атап кеткендей, оқулық материал көлемі, оның күрделілік және тереңдік деңгейі сыныптың немесе жеке оқушының пән бойынша бүгінгі күнгі білім деңгейіне сәйкес деңгейлеп оқыту талабына сай таңдалынғаны жөн. Оқулық материалда мүмкіндігінше мәтін көлемі онша көп болмай, мейлінше сызбалар, суреттер, анимациялар, яғни т.б. Әр түрлі иллюстративтік көрнекі материалдар көбірек келтірілсе тіпті дұрыс болады.

6-кезең. ОЭны бекіту. Бұл кезеңде оқушының теориялық тұрғыда түсінгенін және білгенін практика жүзінде қалайша қолдануға, пайдалануға болатындығын көрсететін, дәлелдейтін мысалдар, есептер, есептеулер,

тапсырмалар, немесе жаттығулар қарастырылады. Оларды орындаудың жолдары тәсілдері немесе үлгілері келтіріледі.

7-кезең. Осы кезеңде оқушы ОЭ ны қаншалықты меңгергенін өзі тексереді, яғни өзіне өзі бақылау жүргізеді. Оқушы өз жетіскендігін тексеруді сұрақтарға жауап бере отырып немесе арнаулы тапсырмалар (жаттығулар) орындау арқылы немесе тест сұрақтарына берген жауаптары бойынша іске асырады.

8-кезең. Жауап парағы ОЭ ға жеке бет болып тіркеледі. Ол парақта оқушы үшін сұрақтардың (берген жауаптары бойынша) тест сұрақтардың дұрыс жауабы (яғни жауап кілті) келтіріледі, бағалаудың критерийлері көрсетіледі, мүмкіндігінше қойылған бағаларға сәйкес комментарилер беріледі. Комментарилер оқушының оқулық қызметін қолдайтын, оқуға және білім алуға мотивация тудыра алатын, оған осы бағытта дұрыс кеңес беретіндей, көмектесетіндей мазмұнда болуы тиіс.

Сонымен оқулық элементті пайдалану оқушыға не тиімділік береді?

Біріншіден, әр оқушы өз бетінше оқулық элементті оқып үйренеді, жаттығулар орындайды, өзін-өзі бақылайды, біліп үйренгенін уақытında тексереді.

Екіншіден, оқулық элементтің болғаны оқушыға мына қосымша мүмкіндіктерді жасайды: жеке өзі оқиды, үйренеді, ұмытып қалған жерлері болса қайталайды, уақыт факторы оны қыспақтамайды. Тіпті жақсы болар еді, егерде оқушы оқулық элементті сабақтан кейін де өз қолында (баспа түріндегісін немесе электрондық нұсқасын) алып қала алатын болса. Өйткені мұндай жағдайда оқушы конспектi жазып әуре болмайды. Сабақ уақытын тиімдірек және нақты мақсатқа жетуге пайдалануға болады: қажетті оқулық элементті қайталауына кезекті ОЭ ны өз қалауынша толығырақ және тереңірек түсінуіне біліп-үйренуіне жағдай туады. Егерде оқулық элемент структурасына, оның әрбір кезеңінің мақсатына және мазмұнына, міндетіне жете көңіл аударатын болсақ, онда бұл құралдық әдістемелік тұрғыда оқыту сапасын жақсартуға қандай мүмкіндіктер жасай алтындығына кез келген пән

мұғалімі көзін жеткізуіне болады. Сондықтан әр пән мұғалімі оқулық элементті дайындауға шығармашылық тұрғыда өте жауапты қарауы қажет. Оқулық элемент ашық формадағы оқу құралы, оны кез келген пән мұғалімі өз оқушысының бүгінгі күнгі білім деңгейіне, психологиялық жағдайын және ерекшелігін ескере отырып деңгейлеп ұсынуына, тіпті қажет деп тапқан жағдайда дайын оқулық элементке оны пайдалану тиімділігін арттыру мақсатында өз коррективтерінің да енгізуіне болады.

Шақ категориясын интерактивті жүйемен оқытуда 7-сыныптағы өтілетін бір сабақтық үлгі.

Сабақтың мақсаты: **білімділік** – оқушыларға етістіктен өткенді қайталай отырып, етістіктің шақ категориясын меңгерту; **дамытушылық** – шақ категориясы туралы түсінік бере отырып, оның түрлеріне тоқталу, жасалу жолдарын көрсете отырып, айырмашылықтарын айқындау; **тәрбиелік** – жаңа технологияны қолданып білімдерін көтеру.

Әдісі: Деңгейіне қарай дамыта оқыту.

Түрі: Жаңа сабақ.


Көрнекілігі: таблица, қима қағаз, семантикалық карта, инсерт жүйесі.

I. Ұйымдастыру кезеңі.

II. Үй тапсырмасын сұрау.

Үйге «Етістік және оның түрлерін қайталау» деген тақырыпты оқып, 105-жаттығу орындауға берілген. (Берілген мақал-мәтелдерден көсемше тұлғалы етістіктерді тауып, олардың қандай жұрнақтар арқылы жасалып тұрғанын айтындар)

Үй тапсырмасын тексеріп, оқушыларға оқытқызамын. Үй тапсырмасын қорытындылау.



III. Жаңа сабақтың материалын баяндау. Етістіктің қимыл іс-әрекетті білдіретіндігі белгілі. Ал іс-әрекет, қимыл белгілі бір кезеңде іске асады, орындалады. Қимылдың өту кезеңі сөйлеушінің хабарлау кезімен немесе сөйлеп тұрған сәтпен айқындалады. Сөйлеп тұрған сәтке байланысты қимылдың өту кезеңін білдіру етістіктің шағы деп аталады.

Сөйлеп тұрған сәтпен байланысты қимылдың болу мезгілі үш түрлі болады. Соған сәйкес етістіктің шақтары да үш түрге бөлінеді. Сөйлеп тұрған сәтке байланысты, яғни, сол сәтте болып жатқан қимылды осы шақ, әлі

болмаған, бірақ кейін болатын қимылды келер шақ, сөйлеп тұрған сәттен бұрын болып өткен қимылды өткен шақ білдіреді.

IV. Оқулықпен жұмыс. Жана тақырыпқа байланысты кітапта **110-жаттығу** берілген. Өлеңді оқып, етістіктерді тауып, қай шақты білдіріп тұрғанын айтыңдар.

Үлгі: *келді* - өткен шақ, *жайнаған* - өткен шақ, *-ған* есімшенің жұрнағы арқылы жасалған.

ЖАЗ

Жадырап келді жайлы, жайнаған жаз,
Еңбекпен өмір қызып қайнаған жаз.
Тәтті үнмен гүлстанның бақшасынан,
Жыл құсы – тоты, бұлбұл сайраған жаз.
Құрақты, айнадай көл, тұнық суды,
Қаз, үйрек, аққу жүзіп жайлаған жаз.
... Жеткізіп барлық жұртты мұратына,
Адамның не керегін сайлаған жаз.
Колхоздың шөбі шүйгін өрісінде,
Құлын, тай құйрығымен ойнаған жаз.
Көктемнің көгалында ойнақ салып,
Шаттықпен жан-жануар тойлаған жаз. (Н. Байғанин).

V. Деңгейлік тапсырмалар. I-деңгейдің тапсырмасы.

111-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп жазып, етістіктерді теріп жазыңдар да шақтарға ажыратыңдар.

Өз жанұясы тұратын үйге ендіге кірген Сарыжан өз көздеріне өзі сенбегендей аңырап қалды. Үй ішінің барлығы айра-жайра. Төрдегі сандықтың үстіндегі бес-алты көрпе-жастық еденде шашылып жатыр.

Сарыжанның тынысы тарылып, жүрегі сығылғандай болды.

Салбырап қайтадан сыртқа шықты. Осы шақта жер-дүниеге қызуы мен нұрын шашып тұрған күннің де, ұшпалы кілемдей қалқып жүрген бір шөкім ала бұлтқа барып тоғысқан сәті болатын. Дастархан үстіне шашылған

бауырсақтай әр жерде қанқиған ебедейсіз, аласа үйлер де көмескіленіп, карауытып кетті (С. Бұхар).

II-деңгейдің тапсырмасы. Терме диктант. Берілген мақал-мәтелдерден шақ категориясының түрлерін ажыратып көрсетіп жазыңдар.

1. Жақсымен жолдас болсаң, жетерсің мұратқа
Жаманмен жолдас болсаң, қаларсың ұятқа.
2. Ексең егін, ішерсің тегін,
3. Ерлік пен бірлік жеңілсе жеткізер.
4. Тозбас жасау болмас,
Бас білмес асау болмас.
5. Семіздікті қой көтерер.

III-деңгейдің тапсырмасы. Берілген мәтіннен шақ категориясының түрлері мен жасалу жолын айтыңдар.

ШАЛ МЕН БАЛАЛАР

Бір жарлы шал есегіне мініп, жол жүріп келе жатса, есегінің ақырған дауысын есітіп, бір топ бала алдынан жүгіріп шығыпты. Олар шалды ажуа, мазақ еткілері келіп:

- Ата, неге сіз есегіңізді өлең айтуға үйреттіңіз? – депті.

Сонда шал балаларға:

- Есегім өлең айтпайды. Сендердей жақсы жолдасын көрген соң, қуанғанынан бақырады, - депті. (С.Көбеев).

IV-деңгейдің тапсырмасы. Етістіктің шақ категориясын қатыстырып «Адамгершілік – асыл қасиет» тақырыбына ой толғау жаз.

2.Семантикалық карта. Берілген мысалдардан шақтың түрлеріне ажыратып жазыңдар

Мысалдар	Осы шақ	Келер шақ	Өткен шақ
Шашып тұр	+		
Үй тіккенбіз			+
Ұшып келеді		+	

Әкетіп жатыр	+		
Бара жатыр	+		
Ол елестейді	+		
Қалып барады	+		
Өнер үйренбек		+	
Ұйқым қашты			+
Қар жауды	+		
Жартасқа бардым	+		
Қалада тұратын			+

VI – Қорытындылау сұрақтары.

1. Етістіктің шақтары дегенді қалай түсінесіңдер?
2. Осы шақтың мағынасы мен жасалуында шақтың басқа түрлерінен қандай ерекшелік, айырмашылықтар бар?
3. Келер шақтың қандай түрлері бар және олар қалай жасалады?
4. Өткен шақтың қандай түрлері бар және олар қалай жасалады?
5. Жекелеген шақ түрлерінің жеке стильдерде, сөйлеу тілінде, түрлерінде, мысалы, көркем әдебиетте, ауыз әдебиеттерінде, баспасөз тілінде, т.б. қолданылу ерекшеліктерін сипаттаңдар.

Оқушылардың бүгінгі сабақтан алған білімдерін тиянақтау әрі тексеру мақсатында инсерт жүйесін толтыруды ұсынамыз. Оқушылар өтілген тақырып бойынша нені білетіндерін айтып шығады және нені білгісі келетінін айтады.

НЕ БІЛЕМІН?	НЕНІ БІЛГІМ КЕЛЕДІ?	НЕНІ БІЛДІМ?

VII. Үй тапсырмасы. 124-жаттығу. Берілген етістіктерден мақсатты келер шақ жасап, жіктеп, әрқайсысына сөйлем құраңдар.

Үлгі: Шаш – шашпақ; Мақсатым – тіл ұстартып, өнер шашпақ (Абай).

Шаш. Оқы. Сөйле. Қайт.

ІІІ ТАРАУ

ШАҚ КАТЕГОРИЯСЫНЫҢ ТҮРЛЕРІН ОҚЫТУДАҒЫ ЖАҢА САБАҚ ҮЛГІСІ

Етістіктің қимыл іс-әрекетті білдіретіндігі белгілі. Ал іс-әрекет, қимыл белгілі бір кезеңде іске асады, орындалады. Қимылдың өту кезеңі сөйлеушінің хабарлау кезімен немесе сөйлеп тұрған сәтпен айқындалады. Сөйлеп тұрған сәтке байланысты қимылдың өту кезеңін білдіру етістіктің шағы деп аталады. Сөйлеп тұрған сәтпен байланысты қимылдың мезгілі, шақтың мағынасы мынандай болуы мүмкін: 1) үнемі қайталанатын, дағдыға айналған іс-қимыл; сөйлеп тұрған кезде болып жатқан қимыл, іс-әрекет; 2) сөйлеп тұрған сәттен бұрын болып кеткен қимыл, іс-әрекет; 3) сөйлеп тұрған кезде әлі болмаған, бірақ кейін болуға тиісті қимыл, іс-әрекет. Мысалы, Өнер-білім бар жұрттар. Тастан сарай салғызды (Ы.А.). Жазғытұры қалмайды қыстың сызы. Масатыдай құлпырар жердің жүзі (Абай). Енді бүгін қарасам. Айналам бақыт кең жатыр. Бірімен-бірі туысқан. Қол ұстасқан ел жатыр (Жамбыл).

Бұл сөйлемдегі *салғызды, қалмайды, құлпырар, жатыр* деген етістіктері мезгіл (шақ) мағынасын білдіруі жағынан бірдей емес. *Салғызды* деген *салғызду* қимылының сөйлеп тұрған сәттен бұрын болып кеткенін білдірсе, *қалмайды, құлпырар* етістіктері *қалмау, құлпыру* қимылдарының әлі болмағанын, сөйлеп тұрған сәттен кейін болатынын, ал *жатыр* етістігі бұл қимылдың сөйлеп тұрған сәтте болып отырғанын білдіріп тұр.

Етістіктің шақтары есімше, көсемше тұлғаларымен етістік түбіріне *-ды, -ді, -ты, -ті, -мақ, -мек, -бақ, -бек, -пақ, -нек* жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалады. Шақтық мағына осы тұлғалар арқылы дара етістікте де (*бар-ып-ты, бар-ар*), күрделі етістікте де (*келіп отыр, келіп кеткен, келіп кетпек*) беріліп отырады.

Сөйлеп тұрған сәтпен байланысты қимылдың болу мезгілі үш түрлі болады. Соған сәйкес етістіктің шақтары да үш түрге бөлінеді. Сөйлеп тұрған

сәтке байланысты, яғни, сол сәтте болып жатқан қимылды осы шақ, әлі болмаған, бірақ кейін болатын қимылды келер шақ, сөйлеп тұрған сәттен бұрын болып өткен қимылды өткен шақ білдіреді.

Шақтық мағынаны білдіретін етістік көбінесе жіктеліп келеді де, сол арқылы жақтық мағына береді. Жіктік жалғау шақ көрсеткіштерінен (есімше, көсемше және арнаулы шақ жұрнақтарынан) кейін жалғанады: *оқы-ған-мын, оқы-р-сың, барып-ты, бар-ды-м, бар-мақ-сың* т.б.

Жіктік жалғау күрделі етістіктің құрамындағы көмекші етістікке жалғанады: *сөйлеп отыр-ған-сың, сөйлеп отыр-ар-мын*.

Осы шақ. Осы шақ болатын етістіктердің мағыналық белгілері.

1. Сөйлеп тұрған кездегі іс-әрекетті білдіреді. 2. Әрдайым болып тұрған дағдылы іс-әрекетті білдіреді. Мысалы:

1. *Трактор жер жыртып жүр. Нұрлан хат жазып отыр. Мал өрісте жатыр.* Осы сөйлемдегі *жыртып жүр, жазып отыр, жатыр* етістіктері – сөйлеп тұрған сәттегі қимылдар.

2. *Трактор жер жыртады. Нұрлан хат жазып тұрады. Мал өрісте жатады.* Бұл сөйлемдердегі *жыртады, жазып тұрады, жатады* етістіктері – қалыптасқан, болып тұрған дағдылы іс-әрекеттер.

Міне, осылай, етістіктің осы шағы істің дағдылы түрде болып тұрғанын және сөйлеп тұрған кезде істеліп жатқанын білдіреді.

Осы шақтың түрлері. Осы шақ мағынасы мен жасалуына қарай нақ осы шақ және ауыспалы осы шақ болып екіге бөлінеді.

1. Нақ осы шақ

Нақ осы шақ қимылдың, іс-әрекеттің сөйлеп тұрған сәтте болып жатқанын білдіреді. Нақ осы шақ етістіктің құрамына қарай жалаң және күрделі болып екіге бөлінеді.

а) Нақ осы шақтың жалаң түрі *отыр, тұр, жатыр, жүр* деген етістіктердің жіктелуі арқылы жасалады. Бұл төрт етістік қалып етістіктері деп аталады. Қалып етістіктеріне жіктік жалғауы тікелей жалғанып есімдерше жіктеледі.

Қалып етістіктерінің жіктелу үлгісі

	Жақ	Отыр	Тұр	Жүр	Жатыр
Жекеше	I	Отырмын	Тұрмын	Жүрмін	Жатырмын
	II	Отырсаң	Тұрсың	Жүрсің	Жатырсың
		Отырсыз	Тұрсыз	Жүрсіз	Жатырсыз
	III	Отыр	Тұр	Жүр	Жатыр
Көпше	I	Отырмыз	Тұрмыз	Жүрміз	Жатырмыз
	II	Отырсыңдар	Тұрсыңдар	Жүрсіндер	Жатырсыңдар
		Отырсыздар	Тұрсыздар	Жүрсіздер	Жатырсыздар
	III	Отыр -	Тұр -	Жүр -	Жатыр -

Отыр, тұр, жүр, жатыр деген қалып етістіктері III жақта жіктік жалғауынсыз жұмсалады. Бұнда да есімдер (мысалы, зат есім, сын есім, сан есім) сияқты III жақта жіктік жалғауы болмайды. Қалып етістіктерінің үшеуі (отыр, тұр, жүр) екі түрлі мағынада жұмсалады: 1) II жақ жіктеу есімдігімен (сен) тіркесіп, II жақ бұйрық мағынасын білдіреді: сен отыр, сен тұр, сен жүр; 2) III жақ жіктеу есімдігімен тіркесіп, III жақта жұмсалып, осы шақ мағынасын білдіреді: ол отыр, ол тұр, ол жүр. Ал жатыр етістігі II жақ бұйрық мағынасында жат (сен жат) түрінде, III жақта жіктелгенде, жатыр (ол жатыр) түрінде қолданылады.

ә) Нақ осы шақтың күрделі түрі негізгі етістіктің –ып, –іп, –п және –а, –е, –й тұлғалы көсемше түрі мен *отыр, тұр, жүр, жатыр* деген қалып етістіктерінің көмекші етістік мәніндегі тіркесінен жасалады. Бұл нақ осы шақ күрделі етістіктен жасалатындықтан, оның күрделі түрі деп танылады. Күрделі етістіктің құрамындағы көмекші етістіктер (*отыр, тұр, жүр, жатыр*) жіктеліп жұмсалады. Мысалы: *Мен оқып отырмын. Сен ойнап жүрсің, Оқушы кітап оқып тұр.*

Күрделі нақ осы шақтың жіктелу үлгісі

Жақ	Жекеше	Көпше
I	Оқып отырмын	Оқып отырмыз
II	Оқып отырсың	Оқып отырсыңдар

III	Оқып отырсыз Оқып отыр -	Оқып отырсыздар Оқып отыр -
-----	-----------------------------	--------------------------------

2. Ауыспалы осы шақ

Ауыспалы осы шақ қимыл, іс-әрекеттің дағдылы қалыпта болып тұруын білдіреді. Ауыспалы осы шақ –а, е, -й тұлғалы көсемшенің жіктелуі арқылы жасалады. Мысалы: *Мен кел+е+мін. Сен ой+й+сың. Ол бар+а+ды.*

Ауыспалы осы шақтың жіктелу үлгісі

Жақ	Жекеше	Көпше
I	Айтамын, келемін, сөйлеймін	Айтамыз, келеміз, сөйлейміз
II	айтасың, келесің, сөйлейсің айтасыз, келесіз, сөйлейсіз	айтасындар, келесіндер, сөйлейсіндер айтасыздар, келесіздер, сөйлейсіздер
III	айтады, келеді, сөйлейді	айтады, келеді, сөйлейді

Ауыспалы осы шақ тұлғасы (яғни көсемше түрінің жіктелген түрі) сөйлемде екі түрлі мәнде қолданылады: бірде дағдылы қимылды білдіріп, осы шақ мағынасын берсе, енді бірде алда болатын қимылды білдіріп, келер шақ мағынасын береді. Сондықтан да осы шақтың бұл тұлғасы ауыспалы деп аталады.

Келер шақ. Келер шақ қимылдың, іс-әрекеттің, сөйлеп тұрған сәттен кейін болатынын білдіреді. Мысалы: *Ол мектепке ерте бармақ. Сендер үйге келерсіңдер.*

Бұл сөйлемдердегі *бармақ, келерсіңдер* деген етістіктер бару, келу қимылдарының әлі болмағанын, бірақ келешекте болатынын білдіріп тұр.

Келер шақтың түрлері. Келер шақ мағынасы мен жасалуына қарай болжалды келер шақ, мақсатты келер шақ, ауыспалы келер шақ болып үшке бөлінеді.

1. Болжалды келер шақ

Болжалды келер шақ қимылдың, іс-әрекеттің болу мүмкіндігін айқын көрсетпей, болжай ғана айтылады.

Болжалды келер шақ есімшенің –ар, -ер, -р болымсыз етістіктен кейін –с жұрнағы арқылы жасалады да, ол етістік үш жақтың бірінде жіктеліп жұмсалады. Мысалы: *Біз бар-ар-мыз. Сен оқы-р-сың. Сіздер кел-мес-сіздер.*

Ескерту. Болжалды келер шақ – с жұрнағы арқылы болымсыз етістіктен жасалғанда, қимыл іс-әрекеттің болмауын болжай, күмән келтіре айтудан, білдіруден гөрі жігерлі, үзілді-кесілді мән беруге бейім болады: *бар-ма-с-пын, кел-ме-с-пін.* Кейде I жақ жіктік жалғауы –*пын, -пін* ықшамдалып –*н* түрінде ғана жұмсалады. Мысалы: *бар+ма+с+пын – бар+ма+н, сөйле+ме+с+пін – сөйле+ме+н* болып та қолданыла береді. Мұндай тұлғалы етістіктер поэзияда жиі кездеседі. Ескі бише отырман бос мақалдап. Ескі ақынша мал үшін тұрман зарлап (Абай).

Жақ	Жекеше	Көпше
I	бар-ар-мын, кел-ме-с-пін	бар-ар-мыз, кел-ме-с-піз
II	бар-ар-сың, кел-ме-с-сің	бар-ар-сындар, кел-ме-с-сіндер
	бар-ар-мыз, кел-ме-с-сіз	бар-ар-сыздар, кел-ме-с-сіздер
III	бар-ар, кел-ме-с	бар-ар, кел-ме-с

2. Мақсатты келер шақ

Мақсатты келер шақ қимылдың іс-әрекеттің келешекте мақсат етіле орындалатынын білдіреді.

Мақсатты келер шақ етістіктің түбіріне –*мақ, -мек, -бақ, -бек, -пақ, -пек* жұрнағы жалғанып, одан кейін жіктік жалғауы үстелуі арқылы жасалады. Мысалы: *Мен ауылға бар-мақ-пын. Сіз ерте кет-пек-сіз.*

Етістіктің –*мақ, -мек, -бақ, -бек, -пақ, -пек* жұрнағының үстіне –*шы, -ші* жұрнағы жалғанып, одан кейін жіктік жалғауы үстелуі (жіктелуі) арқылы да мақсатты келер шақ жасалады. Мысалы: *Мен ауылға бар-мақ-шы-мын. Сен ерте кет-пек-ші-сің.*

Мақсатты келер шақтың болымсыз түрі –*мақ, -мек, -бақ, -бек, -пақ, -пек* және –*шы, -ші* тұлғалы негізгі етістікке *емес* деген көмекші етістіктің тіркесуі арқылы жасалады. Ондайда жіктік жалғауы *емес* деген көмекші етістігіне жалғанады. Мысалы: *кел-мекші емес-пін, бар-мақ емес-сің.*

Мақсатты келер шақтың жіктелуі үлгісі

Жақ	Жекеше	Көпше
I	Бармақпын, бармақшымын	бармақпыз, бармақшымыз
II	бармақсың, бармақшысың бармақсыз, бармақшысыз	бармақсыңдар, бармақшысыңдар бармақсыздар, бармақшысыздар
III	бармақ -, бармақшы-	бармақ -, бармақшы-

3. Ауыспалы келер шақ

Ауыспалы келер шақ та ауыспалы осы шақ сияқты –а, -е, -й жұрнақты көсемшенің жіктелуі арқылы жасалады. Сондықтан ауыспалы келер шақ пен ауыспалы осы шақ бір-бірінен сөйлемдегі мағынасы жағынан ажыратылады. Мысалы, *Ол нағашысының қолында тұрады. Келемін тау ішінде түнделетін* деген сөйлемдердегі *тұрады, келемін* етістіктері ауыспалы осы шақ мағынасын білдіріп тұр. *Ол ертең тұрады. Ауылға мен кешке келемін* деген сөйлемдердегі *тұрады, келемін* етістіктері ауыспалы келер шақ мағынасын беріп тұр.

Ауыспалы келер шақтың ауыспалы осы шақтан айырмашылығы сөйлемде мезгіл мәнін білдіретін басқа сөзден де байқалып отырады. Жоғарыдағы мысалда *ертең* және *кешке* сөздері осындай мән беріп қызмет атқарып тұр.

Мына мысалдарды салыстырып көріңдер.

Осы шақ

Ол мектепте оқиды.

Бұл жерде ағаш өседі.

Мен ылғи ерте тұрамын.

Ол өлең жазады.

Келер шақ

Ол сабағын кешке оқиды.

Ағаш бұл жерде күтсе ғана өседі.

Мен ертең ерте тұрамын.

Өлеңді ол есейгендежазады.

Ескерту: Ауыспалы келер шақ пен ауыспалы осы шақта I жақ жіктік жалғауы (-мын, -мін) кейде ықшамдалып, -м түрінде жалғанады: *айт+a+мын – айт+a+m, кел+e+мін – кел+e+m*. Бірінші жақтың мұндай ықшамдалып қолданылуы көбіне ауызекі сөйлеу тіліне тән.

Өткен шақ. Өткен шақ қимылдың, іс-әрекеттің сөйлеп тұрған сәттен бұрын болып, істеліп кеткенін білдіреді. Мысалы: *Ол оқуды бітірді. Мен бұл кітапты оқыдым. Ол кезде сен оннан асқансың. Шалдың бір баласы болыпты. Демалыста оқушылар қалаға баратын.*

Берілген мысалдағы *бітірді, оқыдым, асқансың, болыпты, баратын* деген етістіктер *бітіру, оқу, асу, болу, бару* қимылдарының (іс-әрекеттерінің) болып кеткенін білдіріп, өткен шақ мағынасын беріп тұр.

Өткен шақтың түрлері. Өткен шақ мағынасы мен жасалуына қарай жедел өткен шақ, бұрынғы өткен шақ және ауыспалы өткен шақ болып үшке бөлінеді.

1. Жедел өткен шақ

Жедел өткен шақ әдетте қимылдың, іс-әрекеттің таяу шақта болғанын, орындалғанын білдіреді.

Жедел өткен шақ етістіктің түбіріне –ды, -ді, -ты, -ті жұрнағы қосылу арқылы жасалып, жіктеліп қолданылады. Мысалы: *Асан домбыра тарт-ты, мен өлең айт-ты-м. Сен үйге келме-ді-ң.*

Жедел өткен шақтың жіктелу үлгісі

Жақ	Жекеше	Көпше
I	келдім, айттым, алмадым,	келдік, айттық, алмадық,
II	келдің, айттың, алмадың, келдіңіз, айттыңыз, алмадыңыз,	келіндер, айттыңдар, алмадыңдар, келдіңіздер, айттыңыздар, алмадыңыздар,
III	келді -, айтты -, алмады	келді -, айтты -, алмады

Осы кестеден көрінетіндей жіктік жалғауы жедел өткен шақ тұлғасындағы етістікке ерекше түрде жалғанады:

Жақ	Жекеше	Көпше
I жақта	-м	-қ, -к
II жақта	-ң (анайы түрі) -ңыз, -ңіз (сыпайы түрі)	-ңдар, -ңдер (анайы түрі) -ңыздар, -ңіздер (сыпайы түрі)
III жақта	(жалғау жоқ)	(жалғау жоқ)

Жедел өткен шақтың жұрнағы (-ды, -ді, -ты, -ті) мен III жақтың жіктік жалғауын (-ды, -ді, -ты, -ті) шатастырмау керек. Бұл қосымшалардың тұлғасы, дыбысталуы бірдей болғанмен, мағынасы, қызметі басқа-басқа. III жақ жіктік жалғауы шақ мағынасын білдірмейді, ал жедел өткен шақ жұрнағы жақ мағынасын білдірмейді. Мысалы: *барып-ты, барады* деген сөздерде соңғы –ты, -ды жалғаулары шақ (жедел өткен шақ) мағынасын беріп тұрған жоқ, қимылдың III жақ (ол) арқылы болатынын білдіріп тұр. Бұл сөздердегі шақтық мағына ол жалғаудың алдында тұрған –ып, -а тәрізді көсемше жұрнақтары арқылы берілген. Керісінше барды дегенде –ды жұрнағы шақ мағынасын (жедел өткен шақта) беріп тұр да, III жақ мағынасын білдіріп тұрған жоқ. Өйткені I және III жақтарда (*бар-ды-м, бар-ды-қ, бар-ды-ң, бар-ды-ңыз, бар-ды-ңдар, бар-ды-ңызлар*) да (жедел өткен шақ) қосымшасы (-ды) сақталады, III жақта арнайы жалғауы жоқ.

III жақтың жіктік жалғауы тек көсемшенің –ып, -іп, -п және –а, -е, -й жұрнағынан кейін ғана жалғанады: *кел-іп-ті, қара-п-ты, кел-е-ді, қара-й-ды*. Ал жедел өткен шақ жұрнағы етістіктің негізгі және туынды түбірлеріне және етіс, болымсыз етістік тұлғаларына тікелей жалғанады.

2. Бұрынғы өткен шақ

Бұрынғы өткен шақ қимылдың, іс-әрекеттің сөйлеп тұрған сәтпен салыстырғанда әлдеқайда бұрын болғандығын білдіреді. Мысалы: *Сен мектепті бітіргенсің. Ол ауылға барыпты*. Бұрынғы өткен шақ екі түрлі жолмен жасалады.

а) Бұрынғы өткен шақ –ып, -іп, -п тұлғалы көсемшенің жіктеліп келуінен жасалады: (мен) *бар-ып-пын*, (сен) *кел-іп-сің*, (ол) *айт-ып-ты*.

ә) Бұрынғы өткен шақ –ған, -ген, -қан, -кен тұлғалы есімшенің жіктеліп келуінен жасалады: (мен) *бар-ған-мын*, (сен) *кел-ген-сің*, (ол) *айт-қан*.

Бұрынғы өткен шақтың жіктелу үлгілері

Жақ	Жекеше	Көпше
I	айтыпшын, келіппін	айтыппыз, келіппіз
II	айтыпсың, келіпсің	айтыпсыңдар, келіпсіңдер
	айтыпсыз, келіпсіз	айтыпсыздар, келіпсіздер
III	айтыпты, келіпті	айтыпты, келіпті
I	айтқанмын, келгенмін	айтқанбыз, келгенбіз
II	айтқансың, келгенсің	айтқансыңдар, келгенсіңдер
	айтқансыз, келгенсіз	айтқансыздар, келгенсіздер
III	айтқан -, келген -	айтқан -, келген -

Бұрынғы өткен шақ -ған, -ген, -қан, -кен тұлғалы есімшеге немесе –ып, -іп, -п тұлғалы көсемшеге е (*еді*) көмекші етістігі тіркесуі арқылы жасалады. Есімше түріне е көмекші етістігі *екен* түрінде де тіркеседі. Бұрынғы өткен шақтың мұндай күрделі түрінде е (*еді, екен*) көмекші етістігі ғана жіктеледі. Бұрынғы өткен шақтың күрделі түрінің жіктелу үлгісі:

Жақ	Жекеше	Көпше
I	оқыған едім (екенмін), оқып едім	оқыған едік (екенбіз), оқып едік
	оқыған едің (екенсің), оқып едің	оқыған едіңдер (екенсіңдер),
II	оқыған едіңіз (екенсіз), оқып	оқып едіңдер
	едіңіз	оқыған едіңіздер (екенсіздер),
		оқып едіңіздер
III	оқыған еді (екен) -, оқып еді -	оқыған еді (екен) -, оқып еді -

Ескерту: Бұрынғы өткен шақтың есімшеден болған (мысалы, *білгемін, оқығансың*) және еді көмекші етістігінен құралған күрделі (мысалы, *білген едім, біліп еді*) түрлері тұжырымды, айғақты мәнді білдіреді. Ал көсемшеден болған (мысалы, *біліпін, оқығансың*) және екен көмекші етістігінен құралған

күрделі (мысалы, білген *екенсің*, *білген екен*) түрлері айғақсыз мәнді білдіреді, сөйлеушінің көзі толық жетпейтіндігін байқатады. Сондықтан да бұрынғы өткен шақтың бұл түрі ертегілерде жиі кездеседі. Мысалы: *баяғыда бір кемпір болыпты. Оның жалғыз баласы болыпты. Ол бала тентек болып өсіпті.*

3. Ауыспалы өткен шақ

Ауыспалы өткен шақ есімшенің –атын, -етін, -йтын, -йтін жұрнақтары арқылы жасалып, бірде өткен шақ, бірде келер шақ мағынасында қолданылады. Сондықтан да оны ауыспалы өткен шақ деп атайды. Мысалы: *Асан ауылға жиі баратын. Сен кітапханаға қашан баратын едің?*

Бірінші сөйлемде бару қимылының болып кеткенін байқасақ, екінші сөйлемде бару қимылының әлі болмағанын, бірақ болуға тиісті екенін аңғарамыз.

Ауыспалы өткен шақ жіктеліп *те*, *еді* көмекші етістігімен тіркесіп келіп те (онда *еді* етістігі жіктеледі) жұмсалады. Ал ауыспалы келер шақ тікелей жіктелмейді, тек *еді* көмекші етістігімен тіркесіп қолданылады.

Жақ	Жекеше	Көпше
I	көретінмен, қарайтынмын, баратын едім	көретінбіз, қарайтынбыз, баратын едік
II	көретінсің, қарайтынсың, баратын едің, көретінсіз, қарайтынсыз, баратын едіңіз	көретінсіңдер, қарайтынсыңдар, баратын едіңдер көретінсіздер, қарайтынсыздар, баратын едіңіздер
III	көретін -, қарайтын -, баратын еді -	көретін -, қарайтын -, баратын еді -

Ескерту: Есімшенің –атын, -етін, -йтын, -йтін түріне тіркесіп жіктеліп қолданылған еді көмекші етістігінен жасалған күрделі етістік бірде ауыспалы өткен шақ, бірде ауыспалы келер шақ мәнінде жұмсалады. Оның шақтық мағынасы көбінесе ол етістікпен тіркескен басқа сөзден айқындалып тұрады. Мысалы: *Ол ауылға жиі баратын еді. Ол ауылға бүгін (ертең) баратын еді.*

Бірінші сөйлемде жиі деген сөздің арқасында бару қимылының болып кеткендігін байқаймыз (ауыспалы өткен шақ). Екінші сөйлемде бүгін (ертең) сөздері арқылы бару қимылының әлі болмағандығын аңғарамыз (ауыспалы келер шақ).

Осылайша шақ категориясының мектеп оқулығында берілген анықтамаларына түсінік беріп болған соң, шақ категориясының түрлерін 7-сыныпта салыстыра оқытуға арналған бір сабақтық үлгі.

Сабақтың мақсаты: білімділік – оқушыларға етістіктің шақтары туралы өткенді қайталай отырып, шақ категориясының түрлерін меңгерту; **дамытушылық** – оқушылардың ой қабілетіне әсер ету арқылы өздігінен жұмыс әрекеттерін дамыту, тапқырлық, ізденімпаздық, алған білімдерін пайдалана білу қабілетін арттыру; шақ түрлеріне тоқталу, жасалу жолдарын көрсете отырып айырмашылықтарын айқындау; **тәрбиелік** – білім алуға, оқуға деген құштарлық сезімінің артуына ықпал ету, жаңа технологияны қолданып білімдерін көтеру.

Сабақтың типі: жаңа білім беру.

Түрі: аралас сабақ.

Сабақтың әдіс тәсілдері: сұрақ-жауап, талдау, топтастыру, ойын.

Көрнекілігі: тақта, таблица, қима қағаз, суреттер.

Пәнаралық байланыс: әдебиет, тарих.

Сабақтың барысы: I. Ұйымдастыру кезеңі.

Балалармен амандасып, түгендеп, зейіндерін сабаққа аудару.

II. Үй тапсырмасын сұрау.

Үйге «Шақ туралы түсінік» деген тақырыпты оқып, 111-жаттығу орындауға берілген. (Сөйлемдерді көшіріп жазып, етістіктерді теріп жазыңдар да, шақтарға ажыратыңдар)

Үй тапсырмасын тексеріп, оқушыларға оқытқызамын. Үй тапсырмасын қорытындылау.

2. Зымыран сұрақтарға жауап алу.

1. Етістіктің шақтары дегенді қалай түсінесіңдер?

2. Шақтың қандай түрлері бар және шақтың бірнеше түрге бөлінуі неге байланысты?

3. Осы шақ деген не?

4. Осы шақтың мағынасы мен жасалуында шақтың басқа түрлерінен қандай ерекшелік, айырмашылықтар бар?

5. Нақ осы шақ қалай жасалады және қалып етістіктерінің ерекшеліктері неде?

6. Ауыспалы өткен шақ пен ауыспалы келер шақтың ұқсастықтары мен айырмашылықтары қандай?

7. Келер шақ деген не?

8. Келер шақтың қандай түрлері бар және олар қалай жасалады?

9. Өткен шақтың қандай түрлері бар және олар қалай жасалады?

10. Шақтардың бір-бірінен өзгешелігі неге байланысты?

Жаңа сабақ. Осы шақ, оның түрлеріне түсінік береміз.

Осы шақ. Осы шақ болатын етістіктердің мағыналық белгілері.

1. Сөйлеп тұрған кездегі іс-әрекетті білдіреді. 2. Әрдайым болып тұрған дағдылы іс-әрекетті білдіреді. Мысалы:

1. *Трактор жер жыртып жүр. Нұрлан хат жазып отыр. Мал өрісте жатыр.* Осы сөйлемдегі *жыртып жүр, жазып отыр, жатыр* етістіктері – сөйлеп тұрған сәттегі қимылдар.

2. *Трактор жер жыртады. Нұрлан хат жазып тұрады. Мал өрісте жатады.* Бұл сөйлемдердегі *жыртады, жазып тұрады, жатады* етістіктері – қалыптасқан, болып тұрған дағдылы іс-әрекеттер.

Міне, осылай, етістіктің осы шағы істің дағдылы түрде болып тұрғанын және сөйлеп тұрған кезде істеліп жатқанын білдіреді.

Осы шақтың түрлері. Осы шақ мағынасы мен жасалуына қарай **нақ осы шақ** және **ауыспалы осы шақ** болып екіге бөлінеді.

Нақ осы шақ қимылдың, іс-әрекеттің сөйлеп тұрған сәтте болып жатқанын білдіреді. Нақ осы шақ етістіктің құрамына қарай жалаң және күрделі болып екіге бөлінеді.

а) Нақ осы шақтың жалаң түрі *отыр, тұр, жатыр, жүр* деген етістіктердің жіктелуі арқылы жасалады. Бұл төрт етістік қалып етістіктері деп аталады. Қалып етістіктеріне жіктік жалғауы тікелей жалғанып есімдерше жіктеледі.

ә) Нақ осы шақтың күрделі түрі негізгі етістіктің –ып, -іп, -п және –а, -е, -й тұлғалы көсемше түрі мен *отыр, тұр, жүр, жатыр* деген қалып етістіктерінің көмекші етістік мәніндегі тіркесінен жасалады. Бұл нақ осы шақ күрделі етістіктен жасалатындықтан, оның күрделі түрі деп танылады. Күрделі етістіктің құрамындағы көмекші етістіктер (*отыр, тұр, жүр, жатыр*) жіктеліп жұмсалады. Мысалы: *Мен оқып отырмын. Сен ойнап жүрсің, Оқушы кітап оқып тұр.*

Ауыспалы осы шақ қимыл, іс-әрекеттің дағдылы қалыпта болып тұруын білдіреді. Ауыспалы осы шақ –а, е, -й тұлғалы көсемшенің жіктелуі арқылы жасалады. Мысалы: *Мен кел+е+мін. Сен ой+й+сың. Ол бар+а+ды.*

Ауыспалы осы шақ тұлғасы (яғни көсемше түрінің жіктелген түрі) сөйлемде екі түрлі мәнде қолданылады: бірде дағдылы қимылды білдіріп, осы шақ мағынасын берсе, енді бірде алда болатын қимылды білдіріп, келер шақ мағынасын береді. Сондықтан да осы шақтың бұл тұлғасы ауыспалы деп аталады.

Жаңа сабаққа жаттығу жұмыстарын орындау. **112-жаттығу.** Оқып шығып, мәтіндегі етістіктердің қай шақты білдіріп тұрғанын көрсетіңдер, осы шақты білдіріп тұрған етістіктердің тұлғасына назар аударыңдар.

Төменгі Сарытау тұқымды мекен етіп келген Балташтың кәсібі – киіз үйдің үй ағашын жону еді. Оның ұжымшарға барғысы келмей, кежегесі кейін тартты да тұрды. Тіпті жанында туған туысқандарынан да ешкім қалмай, тегіс ұжымшарға көшіп кетсе де, оның барғысы келмеді. Осылай жалғыз үй жүріп-ақ күнелтемін ғой деп топшылады ол. Бірақ Балташ пен оның зайыбы Ұмтылғанның ойы бір жерден шықпады.

Таңертең Балташ белін буынып, жеңін сыбанып асыға басып тағы да ешкі талдан үй ағаш кесуге тоғайға кетіп қалды. Үйде жалғыз қалған

Ұмтылған бірер сағат үй ішіндегі күйбең-күйбең жұмысты аяқтаған соң, іші пысып отыра алмады. Ара-тұра әңгімелесіп, сыр шертісетін абысын-ажынның бәрі ұжымшарға кетті. Істеуге жұмысы жоқ, сап-сау адамға күннің батуы қиын болады десенізші (Б.Қыдырбекұлы).

Сергіту сәті. Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын, ынтасын арттыру мақсатында жұмбақтар таптырамыз.

Ол келсе, орман шулайды,
Толқып теңіз тулайды.
Қуса өзін қуады,
Ешкім оны қумады. (Жел)
Жарық қылып қос тоғайдың етегін
Айтшы, ол не екенін. (Көз)
Өзін көзің көрмейді,
Барлық тілде сөйлейді.
Сен мен десең, мен дейді,
Сен кел десең, келмейді. (Жаңғырық)
Бұл не деген шебер еді,
Ормандағы ағаштарды
Тұмсығымен шегеледі (Тоқылдақ)

Ойлан, ізден, тап. Сабағымыз шақ категориясын салыстыра оқытуға арналғандықтан, төмендегі берілген жаттығулардан шақтың түрлерін ажырату керек.

117-жаттығу. Сөйлемдерді оқып шығып, нақ осы шақ етістікті бір бөлек, ауыспалы осы шақ етістікті бір бөлек жазыңдар.

Үлгі: нақ осы шақ: әкетіп жатыр, ...

ауыспалы осы шақ: елестейді, ...

Есік алдындағы бақтан алма иісін жел аңқытып әлдеқайда әкетіп жатыр. Бұтақтарын майыстыра жемісін жел лебіне ұстағандай, алма ағаштары аса бір әсемдікпен иіліп тұр. Атасының ана жылғы айтқан сөзі, ата бейнесі Жұмақанның көз алдына елестейді. Ол Артектен қайтқалы ойлы мінездер

көрсете бастады. Күнделікті уақытын жақсы пайдаланады. Бұрынғыдай емес, тәртіппен ғана ойнайды. Атасы екен ағаштарды мәпелеп күтеді (С.Бегалин).

119-жаттығу. Оқып шығып, осы шақ, келер шақ мәніндегі етістіктерді теріп жазыңдар.

Үлгі: қалып барады – осы шақ. Ұмытады – келер шақ.

1. Баяғы буы бұрқырап тұратын жылы төсек те қалқа болудан қалып барады. 2. Әңгіме айтқанда дүниені түгел ұмытады екен. 3. Айналадан состия төнген сұп-сұр қабырғаларға беттей алмай, пешке маңдайын тосып отырады. 4. Көзімен ата қарап, арс ете қалатын ашулы иттен жұрт түгілі өзі сескенеді. 5. Енді беймезгіл ешкім есік қақпайды. 6. Кірсе-шықса көлдей шынының алдынан шықпайды. 7.Үйдің бұрыш-бұрышынан бастап қарауытқан қараңғылық қоюлана түседі. 8. Ол екі көзін пештен, онда жылт-жылт жанып жатқан отдан алмайды. 9. Ал, ашуланғанда бетегеден биік, жусаннан аласа бола қалады. 10. Көрерсің, қазір де бір қыршаңқылық ойлап келеді. (Ә.Кекілбаев).

133-жаттығу. Оқып шығып, ауыспалы өткен шақты білдіріп тұрған етістіктерді тауып, қалай жасалғанын түсіндіріңдер.

Үлгі: тұратын - **-атын** жұрнағы арқылы жасалған.

1. Қасымның үйі таудағы отарда тұратын, өзі сауырдағы мектеп-интернатта оқитын. Айына бір, кейде екі рет демалыс күндерінде үйіне барып қайтатын. Қыс түскеннен бері барған жоқ: жолды қар басып қалған, машина қатынамайды. Сарыарқаның қаһарлы қысы қыр жонында ойнақ салғалы бір жеті өткен. Екілене ызыңдап, үйірлі соққан ақ түтектен ат құлағы көрінбейтін. (Ж.Жұм.).

2. Көкесінің төрт жыл бойы жаумен атысып жүріп, алтын сағат әкелгені рас. Шығыршық бауы сала құлаш, жиегі сап-сары, сыртылдап кеп соғатын. Көкесі ауылға барса, шынжырын төгілдіріп, төс қалтасына салып алатын. Әлсін-әлсін қолына алып, қақпағын ашып қарайтын. Жылқыға шықса, керегінің басына іліп кететін (Д.Досж.).

Төмендегі өлең жолдарын есте сақтап жазу. (Берілген уақыт 3 минут).

Жайлау

Жайлау қандай тамаша,

Көзді тартар қараса.

Қызыл-жасыл төңірек,

Бейне жайған алаша.

Жылдам жауап. Осы шақтың астына қатарлап осы шақты білдіретін сөздерді жазыңдар.

Жүр, отыр, жатыр, жібер, көр, тұр, айт, бар, сөйле, жаз т.б.

118-жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп жазың, ауыспалы осы шақты тауып, оны нақ осы шаққа айналдырып көріңдер. *Үлгі:* барады – бара жатыр

1. Өне бойы лаулап барады. 2. Көз алды көк ала түтінденіп, тынысы бітіп барады. Алқынды. Әлдекімдерді көмекке шақырады. Бірақ жағы қарысып қалғандай, ашылмайды. 3. Сырп-сырп басып көше тазалап келеді. 4. Көз алдында тұрады да қояды. 5. Тек бір уақыттарда, сырттағы жабық терезе жақтауының арасынан сүп-суық көгілдір жарық сығалағанда ғана тақыр-тақыр, тысыр-тысыр, сусыл-сусыл дыбыс шығады. 6. Бұрын қара жерді аузына сап кеміріп жатқан алапат аждаһаның дыбысындай үрейлі естілетін сол бір үн құлағына қазір майдай жағады. 7. Үй іргесіндегі арықта су сылдырайды. 8. Сыртта тек терек жапырақтары сыбдырласады. 9. Кейде ол тіпті өзінің де сыбысы өшіп қалған жоқ па деп қорқады. 10. Ондайда төңбекшіп бір аударылып жатады да қояды (Ә.Әбішев).

Сабақты бекіту. Осы шаққа байланысты тақырыпты түсінгендерін пысықтау.

Қорытынды. Оқушыларды сабаққа қатысуына қарай бағалаймын.

ҚОРЫТЫНДЫ

Оқыту әдісі ең алғаш педагог сапасында ісшеңдіктің жалпы жоспары тәрізді пайда болады. Бұл жоспар практикада оқытушы және оқушы ісшеңдігінің өзара тұтасуында, оқыту және оқудың анық әрекеттері, амалдар немесе әдістер жинағы сыпатында көрсетіледі. Методтың басқа белгілі болу сызылмалары жоқ, себебі жалпы оқыту методтарының өзінде ісшеңдіктің дидактик моделін жаратады.

Педагогик басылымдарда оқыту әдістерін ісшең және пәс топарларға ажырату жағдайлары бар. Егер әрбір белгіленген мақсатты шешуде өз орында жұмсалса, әрине күмән жоқ, ісшең болып есептеледі. Педагогикалық технологиялар да сабақта оқушы (студенттер) ісшеңдігінің жоқары дәрежесін қамтамасыз ету мақсатында алдынан белгіленген мақсетке ерісуге қаратылады.

Қазақ тілі сабағының құрамы қандай болу керек?

Қазақ тілінен өтілетін сабақтың негізгі топтар сабақ құрылымдары элементтерінің жиынтығы болып табылады. Сабақтың бұл құрылымдық элементтері әр түрлі әдістемелік жүйе бойынша іске асырылады. Сабақтың құрылымдық элементтері тәлім-тәрбие берудің мақсатына, материалдың өтілу тәртібіне, өзіндік белгілерінің санына, оқушының дайындық дәрежесіне қарай отырады. Мұғалім әр сабақтың құрылымдық элементтерін түрліше бағытта іске асырады.

Шебер мұғалімдер әр сабақтың құрылымдық элементтерін түрлі бағытта іске асырады. Жаңа сабақты сыныпта меңгертіп, үй тапсырмасын бермеу мақсатында сабақтың құрылымдық элементтерін төмендегі жүйемен алып барады. Өткен материалды еске түсіре отырып, жаңа материалды жан-жақты меңгертеді. Оқулықтағы материалдар оқушыларға дауыстап оқытылады. Сонан соң жаңа материалға сай жаттығу жұмыстары жүргізіледі. Оқушылардың түсініп, меңгеруінің мөлшерін есептей отырып, нәтиже берсе,

үй жұмысын орындамауға болады. Осы тәрізді сабақты біріккен сабақ түрімен де іске асыруға болады.

Қазақ тілі сабағының құрылымдық элементтері

1. Өткенді еске түсіру.
2. Тақырыптың көлемі мен жүйесін түсіндіру.
3. Бекіту және қайталау мақсатында жаттығу жұмыстары.
4. Үй тапсырмасын беру.
5. Үй тапсырмасын тексеру, өтілгенді сұрау
6. Оқушылар жұмысына барлау жасау
7. Оқушылар еңбегін бағалау.

Сабақтың бұл тәрізді құрылымдық элементтері істелетін жұмыстың мақсатына, материалдық көлемі мен жүйесіне қарай жүзеге асырылады.

Қазіргі педтехнология талаптары оқушыға білім берудің ең тиімді, ұтымды жақтарын таңдап алуды қажет етіп отыр, сондықтан үнемі жетілдіру, дамыту, толықтыру сабақ сапасын арттырады, оқушыны да, ұстазды да шығармашылыққа жетелейді.

Мысалы, жаңа материалдың өзіндік белгілері ауырлау болған кезде, мұғалім оларды түрлендіріп, оқушыларды өз бетінше іздендіріп, дамытып орындауға жұмылдырады.

Жазба жұмыстарын жүргізу, түрлі талдау жұмыстарын жүргізу және дидактикалық материалдармен жұмыс істеу барысында түрліше уақытта, әр түрлі жұмыс тәртібін және түрлі әдістер мен тәсілдер жүйесін пайдалануды керек етеді. Сабақты тиімді де құнды әдістермен өткізу және оны жүйелі де жоспарлы жүргізу сабақ элементтерінің толық қатысуына мүмкіндік жасайды.

Қазақ тілін оқыту – қиын да қызық жұмыс. Қазіргі кезде қазақ тілін оқытатын мамандарға қойылатын талап жаңа технологиялық әдістерді қолдана отырып, сапалы білім беру. Олардың ойлау, есте сақтау, көру қабілеттерін жетілдіру және танымдық күшін қалыптастыруға жағдай жасау, оқытушының жеке басының интелектісін, оқу әрекетін, өтетін тақырып

мазмұнын аша білу. Білім негізінен пән арқылы берілгендіктен, әр пәнді заман талабына сай өз деңгейінде игерту, қай кезде болмасын, ең маңызды мәселе болып келгені даусыз.

Сонымен жұмыста етістіктің шақ категориясының анықтамасы, жасалу жолдары, зерттеушілер және жаңа интерактивті технология негізінде сабақ өту жолдары жайлы сөз етілді.

Кіріспеде зерттеліп отырған жұмысымыздың мақсаты мен міндеттері, зерттеу объектісі, жаңа педагогикалық технологияның сабақтағы тиімділігі, маңызы, ерекшелігі, тіл біліміндегі орны, қолданылу аясын көрсеттік.

Бірінші тарауда етістіктің шақ категориясының есімше және көсемше формалары арқылы үш шақта жасалу жолдары, олардың түрлері, оның өзіне тән болған белгілері, өзгешеліктері теориялық мәліметтерді көрсетілді. Етістіктің шақ категориясы жайлы зерттеушілер А. Хасенова, А. Қалыбаева, И. Маманов, А. Ысқақовтың пікірлері көрсетіліп берілді.

Екінші тарауда сабақ өтудің жаңа интерактив әдістері, жаңаша сабақ өту жолдары жайлы сөз етілді. Қазіргі таңдағы заманагөй технологиялардың әдістерінен пайдаланып сабақ өту жолдары көрсетілді.

Шақ категориясын өтуде ұстаздың түрлі әдісті қолдана отырып сабақ өту жолдары ізбе-ізділігі сараланып берілді. Бұл әдістерде оқушыларға теориялық білімді толық түсіндіріп болғаннан кейін, оларды жаттығулар, тест тапсырмалары арқылы бақылау үлгілері көрсетіліп берілді.

Шақтың үш түрі бар екендігіне байланысты топардағы оқушыларға сол шақ түрлеріне арналған дамыта оқыту сабақ жүйесі көрсетілді. Бұнда тапсырмалар шақ түрлеріне байланысты сұрақтарға әрбір топтың оқушысы жауап беріп, білімдері сыналды. Теориялық сұрақтармен қатар шақ түрлеріне байланысты Абай өлеңдерінен мысалдар тауып, жаттығулар орындалды.

Етістіктің шақ категориясын оқытудағы жаңа педагогикалық технологияға сай деңгейіне қарай дамыта оқыту әдісінен пайдалана отырып жарыс сабақ жолдары көрсетілді. Ең алдымен интерактивті әдістердің не екендігіне, соның ішінде оқулық элементіне түсінік беріліп, одан соң оның

орындалу кезеңдері көрсетілді. Бұнда семантикалық карта, инсерт жүйесі, деңгейлік тапсырмалар, т.б. жаңаша сабақ өту жолдары көрсетілді.

Үшінші тарауда етістіктің шақ категориясының түрлерін бір-бірімен салыстыра отырып оқытудағы аралас сабақ үлгісі көрсетілді.

Қимылдың өту кезеңі сөйлеушінің хабарлау кезімен немесе сөйлеп тұрған сәтпен айқындалды. Сөйлеп тұрған сәтке байланысты қимылдың өту кезеңін білдіру етістіктің шағы болып табылатындығы, оның үш түрінің әрқайсысына жеке-жеке түсінік береміз.

Шақ категориясы төмендегідей үш түрге бөлінеді: осы шақ, келер шақ, өткен шақ. Сабақты өту арқылы оқушы ұғымына жеткере білу жолдары көрсетілді. Үй тапсырмасына тірек сызбалар әдісін қолдана отырып пысықтау жасатамыз. Сыныпта тақырыпты түсіндіру барысында берілген мәтіннен, мақал-мәтелдерден шақ түрлерін таптырамыз. Қалаған тақырыптарына шақ түрлерін қатыстыра ой-толғау жазуды тапсырма етіп береміз.

Сергіту кезеңінен соң оқушылардың теориялық білімдерін толық тексеру мақсатында шақ түрлеріне байланысты мысалдар орындатамыз. Осылайша тақырыпқа байланыстыра отырып жаңа әдіс-тәсілдерді кеңінен пайдаланып, айтар ойымызды оқушылармен бірлесе отырып шешіп отырсақ, сабақтың құны артады.

Қорыта айтқанда, келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімнің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі маңызды мәселелердің бірі. Өйткені жаңа педагогикалық технологияны меңгеруге таярлау – мұғалімнің кәсіби білімін көтеруге таярлау аспектісінің бірі және педагогтің жеке тұлғасын қалыптастыру үрдісіндегі іс-әрекеттің нәтижесі болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Каримов И.А. Жоқары мәнаўият жеңилмес күш. Ташкент. 2008.
2. Аханов К. Грамматика теорияларының негіздері.– Алматы. 1972.
3. Ахметов А.К. Принципы технологии и содержание образовательной программы. Алматы.1995.
4. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. Алматы. 1992
5. Жұбанов Қ. Қазақ тілі бойынша зерттеулер.– Алматы. 1999.
6. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты.– А. 1998.
7. Исаев С.М. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. Алматы. 2007.
8. Қазақ грамматикасы. Фонетика,сөзжасам, морфология, синтаксис. А. 2002.
9. Қасым Б. Сөзжасам: семантика, уәждеме. – Алматы. 2003.
10. Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі– Алматы. 1989.
11. Қалыбаева А., Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тілінің морфемалар жүйесі. – Алматы. 1986.
12. Маманов И. Қазіргі қазақ тілі. Етістік. Алматы. 1986.
13. Мергенбаев Е. Қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. Нөкіс. 1990.
14. Мергенбаев Е. Қазақ тіліндегі сөз-өзгерім жүйесі.– Алматы. 1994.
15. Оразахынова Н.А., Исаева Ж.Т., Сүлеева Г.С. Қазақ тілі. Алматы. 2004
16. Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктердің аналитикалық форманттары.– Алматы. 1975.
17. Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы (фон. морф.) А. 1991
18. Төлеуов А. Сөз таптары. Алматы. 1984.
19. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология.Алматы. 1984.
20. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. Алматы, 1991
21. www.pedagog.uz
22. www.Ziyonet.uz
23. www.edu.uz